

Ғыс оң болсын,
ақ мол болсын!

№32–33
(4777)

Бейсенбі
20 наурыз
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

AQSHAMY

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӨЛІК ЖҮЙЕСІ
ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

5-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



«НАУРЫЗБЕН»
ҚАЙТА ҚАУЫШТЫҚ

6-БЕТ | НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ



ОЮДЫ СӨЙЛЕТКЕН

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!

**Құрметті елорда
тұрғындары мен қонақтары!**

Сіздерді көктемнің шуақты да шырайлы мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн жаңарудың, жақсылықтың, бірліктің, игі бастамалардың, бейбітшілік пен келісімнің символына айналды. Елордамыз – рухани мәдениет пен салт-дәстүр астасып жатқан әрі мыңдаған адамның арманына айналған қала. Бізді достық, сыйластық және дамуға деген талпыныс біріктіреді.

Наурыздың 14-і Астанада Наурыз мейрамын тойлауға арналған Наурызнама онкүндігі басталды. Осы 10 күн ішінде Астанада мерекеге орай 200-ден астам іс-шара – концерттер, көрмелер, спектакльдер, шығармашылық кештер, спорт ойындары, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар және т. б. өтеді. Барлық 6 ауданда іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр.

Наурыз мейрамы шаңырақтарыңызға шаттық, береке мен бақыт әкелсін! Жаңа жыл әрқайсыңыз үшін және сүйікті елордамыз үшін табысты болғай! Мереке құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

3 МЫҢ ОҚУШЫ «ҚАМАЖАЙДЫ» БИЛЕДІ

Qazaqstan жеңіл атлетика кешенінде астана-лық 3 мыңнан астам оқушы қыз бір мезетте «Қамажай» халық биін билеп, жаппай орындау бойынша рекорд орнатты.

Флешмоб Наурызнама онкүндігі аясында өтіп, Ұлттық киім күніне орайластырылды. Ұйымдастырушылар – елордалық Білім басқармасы мен Техникалық және көркем шығармашылық орталығы. «Қамажай» – қазақтың ұлттық билерінің бірі. Ол нәзіктікті, әдемілікті бейнелейді. Ал мұндай ауқымда өнер көрсету ерекше әсер қалдырумен қатар, мәдениетімізді кеңінен насихаттау үшін де маңызды» дейді «Шашу» фольклорлық

ансамблінің шығармашылық жетекшісі Рахат Тәуіржан. Флешмоб ерекше сәтпен аяқталды: көрермендер би билеген оқушы қыздарға қосылып, олардың қимылын қайталады. Сол сияқты биші қыздар қызғалдақ гүліне ұқсап әдемі көрініс жасады. Сонымен қатар іс-шарада ұлттық киімдердің сән көрсетілімі өтті, онда Астана колледждерінің студенттері қазақтың дәстүрлі киімдерін көрсетті.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 544.45 \$ USD/KZT 499.03 ₸ RUB/KZT 5.96 ¥ CNY/KZT 69

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



РЕФОРМАЛАР НӘТИЖЕСІН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Президентке еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өркендеудің жаңа бағыттары және экономикалық реформаларды жүзеге асыру жұмыстары жөнінде баяндалды. Биылғы қаңтар-ақпан айларында экономиканың өсімі 5,4 пайызды құрады.

Премьер-министр Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы жүктеген ірі инфрақұрылымдық және энергетикалық жобаларды іске асыруға, цифрландыру мен адами капиталды дамытуға қатысты міндеттерді орындау үшін

қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысы жетекшілік ететін Республикалық штабтың су тасқынына қарсы іс-шаралар жөніндегі есебін тыңдады. Жағдай тәулік бойы бақылауға алынған. 37 мыңнан астам

қызметкер мен 13 мың техника дайындалды. Кездесу соңында Мемлекет басшысы экономиканың нақты секторын қолдау, инвестиция тарту және әлеуметтік саясатты жетілдіру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

БІР-БІРІН НАУРЫЗ МЕЙРАМЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев телефон арқылы сөйлесті. Президенттер бір-бірін келе жатқан Наурыз мейрамымен құттықтап, бауырлас халықтарға бақ-береке тіледі.

Мемлекет басшысы әңгімелесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың даму қарқыны жоғары екенін атап өтіп, оның Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы

стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастардың деңгейіне толық сай келетінін жеткізді. Тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және мәде-

ни-гуманитарлық ықпалдас-тықты одан әрі тереңдетуге ниетті екендерін растады. Сондай-ақ алдағы уақытқа жоспарланған кездесулер кестесін талқылады.

НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру үшін қабылданған Ұлттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарына сай былтырғы атқарылған жұмыстардың нәтижелері қарастырылды.

Үкімет пен бірқатар салалық мемлекеттік органның басшылары негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы мәлімет берді. Кеңес отырысында әлі де пысықтауды қажет ететін, соның ішінде қоғамдық, экономикалық, экологиялық және ақпараттық қауіпсіздік бағытындағы мәселелер талқыланды. Мемлекет басшысы Ұлттық

қауіпсіздік стратегиясының іске асырылуы нақты нәтижелермен бағалануға тиіс екеніне назар аударды. Оның қоғам үшін маңызы зор. Бұл ретте барлық саланы дамыту барысында азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздік факторы ескерілуге тиіс. Сонымен қатар жиында терроризмге және экстремизмге қарсы күрестің өзекті мәселе-

лері қарастырылды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев террористік және экстремистік әрекеттердің қаупін азайту, сондай-ақ терроризмге қарсы қорғанысты күшейту үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндады. Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттік органдарға нақты тапсырма берілді.



КЕЛІССӨЗДЕР ҚОРЫТЫНДЫСЫН ҚҰПТАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путин мен Дональд Трамптың Украина бойынша телефон арқылы келіссөзінің қорытындысын құптайды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі ақпарат таратты.

Президент екі елдің көшбасшылары нақты уағдаластықтар негізінде Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аса маңызды ұзақмерзімді бей-

бітшілікке қол жеткізуге ниетті екендерін көрсетті деп санайды. Мемлекет басшысы бұған дейін барлық державаларды Украина бойынша «Бейбіт-

шілік формуласын» әзірлеу мақсатында келіссөздер процесін бастауға шақырып, БРИКС саммитінде Қытай мен Бразилияның бейбітшілік жоспарын қолдаған болатын.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Шығармашылық орта өкілдері: ақын әрі музыкант, «Ozge Epic» креативті хабтар желісінің негізін қалаушы Мақпал Жұмабай, «Top pro cinema» продюсерлік орталығының бас директоры Александр Аксютин; IT компаниялар басшылығы – «Game Of Drones» компаниясының құрылтайшысы және бас директоры Абылайхан Жақанов, «Sazalem» компаниясының тең құрылтайшысы және бас директоры Нұрайым Мұсалиева баяндама жасады.

Бүгінде Қазақстанның креативті индустриясы 12 бағыт бойынша ұсынылған, онда 143,6 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Цифрландыру саласында Мәдениет және ақпарат министрлігінде 4 ақпараттық жүйе: «е-архив», «ҰЕҰ дерекқоры», «е-кітапхана», «е-кино» жұмыс істейді. Жиын барысында креативті тауарлар мен қызметтердің әлемдік экспорты өткен жылдың қорытындысы бойынша \$250 млрд-тан асқаны айтылды. G20 Insights зерттеу компаниясының болжамына сәйкес, 2030 жылға қарай креативті экономика үлесі әлемдік ЖІӨ-нің кем дегенде 10 пайызын құрайды.

Премьер-министр Мемлекет басшысының креативті индустрияны дамытуды қолдау іс-шараларын әзірлеу бойынша міндеттер қойғанына тоқталды. Тапсырманы жүзеге асыру шеңберінде тиісті заңнамалық база қабылданды. Қабылданған іс-шаралар нәтижесінде 2019 жылдан бастап елімізде креативті экономика 3 еседен астам өсті. Алайда оның еліміздің ЖІӨ-ге қосқан үлесі шамамен 1 пайызды

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында креативті индустрияны дамыту, мәдениет пен өнер салаларын цифрландыру мәселелері қаралды. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндама жасады.



құрайды. Кейбір «шығармашылық» салалардың өсу қарқыны жекелеген өндіріс салаларына қарағанда жоғары. «Өткен жылы компьютер ойындарын әзірлеу саласы жалпы қосылған құнға шамамен 460 млрд теңге қосқан, ал кино өндірісі былтыр 58 пайызға өсті. Кассалық табысы ең жоғары 10 фильмнің арасында әрбір екінші таспа отандық өндірістің туындысы болды. Шетелдік және отандық картиналардан түсетін алым шамамен теңесті. Бұл көрсеткіштердің ұлттық контентке деген қызығушылығының артып келе жатқанын білдіреді. Мемлекет басшысы

құрылтай отырысында түсіріліп жатқан фильмдер мен сериалдарға ерекше мән беруді тапсырды. Жобалардың санын көбейтіп, тек пайда түсіруді ғана мақсат етпей, фильмдердің сапасына баса назар аудару керек» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр жақсы кино түсіру көп қаржыны қажет ететінін, мұндай қаражатты прокаттан түсіруге болатынын айтты. Дегенмен бүгінде фильмнен түсетін пайданың көбі кинотеатр иелерінде қалады. Кино өнімдерін өндірушілер мен прокатқа шығарушылар мүддесінің тепе-теңдігін бекіту қажет. Олжас Бектенов кірістердің

ашықтығын және авторлық құқықтың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында «е-кино» платформасын іске қосу қажеттігін айтты. Құжаттарды сақтау және архивтер жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында «е-архив» ақпараттық жүйесін одан әрі дамытуға, қолда бар деректерді «Батырларға тағзым» онлайн-платформасымен үйлестіру жұмыстарын аяқтауға назар аудару қажет.

Қолданыстағы платформалармен жұмыс істеудің маңызы да айтылды. Мәселен, бүгінде «е-кітапхана» жүйесінде классикадан қазіргі заманғы басылымдарға дейінгі кітаптарға қол

жеткізу мүмкіндігі бар. Аудиокітаптардың да танымалдығы артып келеді, осыған байланысты қазақстандық авторлардың шығармаларын отандық әдебиетті, оның ішінде шетелде танымал ету үшін әртүрлі тілде онлайн-алаңдарда орналастыру маңызды. Музейлерді цифрландыруға ерекше назар аудару керек. Сондай-ақ мәдениет ұйымдарындағы билеттердің бірінші электрондық жүйесін енгізу қажет.

Премьер-министр Мәдениет және ақпарат министрлігіне барлық мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 1 шілдеге дейін инвестиция тарту, жобаларды қаржыландыру, сондай-ақ қазақстандық шығармашылық өнімдер экспортына жәрдемдесу үшін Креативті индустрияны дамыту қорын құруды тапсырды. Өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, шығармашылық жобаларды, мемлекеттік қолдаудың нақты іс-шараларын енгізу маңызды. Мәдениет және ақпарат, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктері мен мүдделі мемлекеттік органдардың алдына Креативті салаларды одан әрі дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеу міндеті қойылды. Ақмола, Алматы, Жетісу, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарының әкімдіктері осы жылдың соңына дейін облыс орталықтарында креативті хабтар құруы тиіс. Олардың базасында креативті индустрия өкілдері жобаларды қаржыландыру үшін инвесторлармен өзара іс-қимыл жасайтын пәрменді алаңдар құрылады.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҰРАН ЕМЕС МҮМКІНДІККЕ АЙНАЛДЫ

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы

Пандемия індеті дүрбелең туғызды. Жаһандық және аймақтық қақтығыстар, санкциялық соғыстар белең алды. Біздің елге де оңай тиген жоқ. Науқаншылдықтан, жасандылықтан қажыған қоғамның өзі екіұдай көңіл күйде болды. Тіпті мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығына қатер төнген сәттерді бастан өткердік. Алдымызда күрделі жол, күрмеулі таңдау тұрды. Соның бөріне қарамай, сын сағатта Президентіміз елмен бірге болып, қиындықтарды абыроймен еңсердік. Мемлекет басшысының үш жыл бұрынғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауы сын-қатерлерге берілген кесімді әрі нақты жауап болды. Бұл – елдің еңсесін көтерген, рухын оятқан, ұлтымызды ұйыстырған Жолдау!

Шын мәнінде, Жаңа, Әділетті Қазақстан қол жетпес арман емес. Ол – халқымыздың талап-тілегінен, қоғамның сұранысынан туындаған қажеттілік, өмірдің шындығы. Ал реформалар жай ғана заңды өзгерту емес, тұтас мемлекет пен қоғамның болмыс-бітімін жаңарту, жаңғырту. Әлемде жетістікке жетудің әмбебап моделі жоқ. Жалпыға ортақ принциптер ғана бар. Ол – әділдік, еркіндік және даму. Президент қолға алған реформалардың да түпкі мәні – осы. Біз қазір мүлде жаңа, өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Сол тарихи үдерістердің куәгері әрі қатысушысы бола тұра, оның маңызын әрдайым терең сезіне бермейміз. Оны үйреншікті, күнделікті жағдай сияқты көреміз. Ал шын мәнінде кез келген тарихи, тағдырлы оқиғаларға өз уақытында, лайықты баға берілуі керек. Сондықтан Мемлекет басшысының Жолдауын еліміздің бүгінгі мен болашағына тигізер ықпалы тұрғысынан дұрыс әрі жан-жақты зерделеп, саралау аса маңызды. Ол азаматтарымыздың да елдегі реформаларды жете түсініп, қабылдауына септігін тигізеді. Бүгінгі пленарлық отырыс осы мақсатқа арналып отыр. Мемлекет басшысының сол тарихи Жолдауында айтылған әр сөзі бәріміздің жадымызда. Қасым-Жомарт Кемелұлы сол кездегі қалыптасқан жағдай мен ел тағдырына қатысты ой-пайымдарын бүкпесіз, егжей-тегжейлі жеткізді. Мемлекет басшысы мен қоғамның арасында бұрын-соңды болмаған ашық, риясыз диалог халықтың билікке неге үмітін оятты, сенімін нығайтты. «Халықпен бірге» қағидасы Президент саясатының негізгі өзегіне айналды. Реформалардың қоғамның қолдауына ие болуының басты кепілі де осы.

Ел тарихында тұңғыш рет Конституцияның үштен біріне демократиялық принциптерге сай түбегейлі өзгерістер енді. Үш жылдың ішінде билік тармақтарының бәрі толықтай жаңарып-жаңғырды. Конституциялық референдум, Президент және Парламент сайлауы өтті. Жалпы бұл өзгерістер президенттік институттан басталды. Суперпрезиденттік басқару жүйесі шектелді. Президент енді ешқандай партияға мүше болмайды. Жақын туыстары-

Осыдан үш жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа тарихи Жолдауын жариялады. Ол уақыт әлем үшін де, Қазақстан үшін де алмағайып, күрделі сынақтардың кезеңі болғанын білесіздер.



ның жоғары лауазымды қызмет атқаруына тыйым салынды. Мемлекет басшысының жеке бастамасымен Конституцияға бір реттік, жеті жылдық мерзім қағидасы енгізілді. Бұл болашақта биліктің бір қолға шоғырлануына жол бермейтін заңды тетік болды. Айта кету керек, мұндай тәжірибе әлемнің санаулы мемлекеттерінде ғана бар. Осының бәрі ел мүддесі, мемлекет болашағы үшін жасалған батыл да табанды қадамдар екені сөзсіз.

Сонымен қатар түрлі деңгейдегі өкілді органдардың құрамы қайта жасақталды. Аудан, ауыл әкімдері сайланбалы жүйеге көшті. Елдегі саяси ұйымдардың, азаматтарларды жете түсініп, қабылдауына септігін тигізеді. Бүгінгі пленарлық отырыс осы мақсатқа арналып отыр. Мемлекет басшысының сол тарихи Жолдауында айтылған әр сөзі бәріміздің жадымызда. Қасым-Жомарт Кемелұлы сол кездегі қалыптасқан жағдай мен ел тағдырына қатысты ой-пайымдарын бүкпесіз, егжей-тегжейлі жеткізді. Мемлекет басшысы мен қоғамның арасында бұрын-соңды болмаған ашық, риясыз диалог халықтың билікке неге үмітін оятты, сенімін нығайтты. «Халықпен бірге» қағидасы Президент саясатының негізгі өзегіне айналды. Реформалардың қоғамның қолдауына ие болуының басты кепілі де осы.

елімізде Президент, керісінше, өзінің жеке бастамасы бойынша өкілеттіктердің бір бөлігін қайта бөліп, бір реттік жеті жылдық мерзімді енгізді. Осылайша, суперпрезиденттік басқару моделінің дәуірі аяқталды. Яғни елімізде бұрынғы саяси құрылым мен елді басқарудың қолданыста болған принциптері түбегейлі өзгерді. Билік тармақтары арасында оңтайлы тепе-теңдік сақталатын, мемлекеттік-саяси құрылымның мүлде жаңа моделі қалыптасты. Енді Президенттің жанында жаңартылған, қажетті өкілеттіктері бар және қоғамның сеніміне ие болған Парламент, Үкімет, Конституциялық сот және саяси партиялар пайда болды. Әр іс-әрекеттен заң мен тәртіпке деген құрмет көрініп тұратын әлеуметтік мемлекеттің айшықты бейнесі айқындалып келеді. Осы сәттен бастап Әділетті Қазақстан жай ғана ұран емес, нақты мүмкіндікке айналды.

Бұл жағдайда заң шығарушы органның өкілеттіктері едәуір күшейіп, функциялары кеңейе түсті. Осылайша, жаңа Парламентке принципшіл, жаңа көзқарас ұстанатын, заман талабына сай заң шығарушылар қажет еді. Реформаларды іске асырудың бастапқы қадамы сайлау заңнамасын ырықтандырудан басталды. Ол партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден бастап барша қарапайым азаматтарға дейін күшті серпін берді. Еліміздің саяси өміріне барлық адамның араласуына нақты әрі тең мүмкіндіктер пайда болды. Біздің қоғам үшін маңызды жаңалық – партиялық тізімдер мен бір мандатты округтер бойынша аралас сайлау жүйесін енгізу. Қоғам еңсесін көтеріп, болашаққа деген сеніммен белсенді түрде жаңа көшбасшылар іздей бастады. Мәселен, тек елорданың өзінде бір мандатты округтер бойынша бір орынға алпысқа дейін адам

үміткер болды. Бәсекелі және әділ сайлау қорытындысы бойынша еліміздің түбегейлі жаңа өкілді органы құрылды. Мәжіліске өткен алты партия тәжірибесіне қарамастан, мандаттарға ғана емес, палатада басшылық лауазымдарға орналасу құқығына ие болды. Бұл – өз сайлауалды тұғырнамалары мен міндеттемелерін іске асыру үшін үлкен мүмкіндік. Сонымен қатар бір мандат-тіктен өткен жаңа депутаттар қатарға қосылды. Депутаттық корпус түбегейлі жаңарды. Заң шығару ісіне партиялар мен сындарлы оппозициялық топ өкілдері келді. Бұған дейін Мәжіліс тек партиялық тізім бойынша қалыптасып, оның басым бөлігін жүйелі түрде бұрынғы шақырылымның депутаттары құрайтын. Олардың дені мемлекеттік қызметтегі немесе мемлекеттік қызметтің айналасындағы адамдар болатын. Жаңа Мәжілісте депутаттық корпусың 70 пайызы жаңарды. Оның бәрі – әртүрлі саладан келген жаңа тұлғалар.

Заң шығарушы органның жаңаруы Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын іс жүзінде толықтырып отыр. Парламенттік бақылау ұғымының мән-маңызы арта түсті. Енді депутаттар халықтың еркін білдіріп қана қоймай, атқарушы билік саясатының халық мүддесіне толық сәйкес келуін қадағалайды. Бұл – билік тармақтары арасындағы классикалық тепе-теңдік жүйесінің айқын көрінісі. Қазір сайлауда жеңіске жеткен партия Премьер-министрдің кандидатураны ұсынады. Президенттің бұл шешімі Мәжілістің өкілеттігін айтарлықтай күшейтті.

Парламентте заң шығару үдерісінің сипаты түбегейлі өзгерді. Бір ғана мысал. Бұрын заң жобаларының көбі Үкімет-

тен түсетін. Қазір депутаттар бастамашы болған заңдардың саны артып келеді. Ең бастысы, олар – азаматтардың дәл қазіргі сұранысына, талап-тілегіне жауап беретін заңдар. Қоғамды алаңдатқан барлық өзекті мәселе Мәжіліс қабырғасында ашық талқыланып, шешімін таба бастады. Көптеген күрделі түйткіл бойынша маңызды заңнамалық шешімдер әзірленді. Олардың бәрі қандай қызу пікірталастардан кейін қабылданып жатқанын көріп отырсыздар. Құмар ойынға тәуелділік, есірткі мен вейп, тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес және халықтың қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша аса маңызды заңдар қабылданды. Бұл қоғамның қолдауына ие болды. Зиянды әрі қауіпті өндірісте жұмыс істейтін мыңдаған жұмысшының талап-тілегі орындалып, заңнамамен реттелді.

Соңғы жылдары қабылданған барлық заңға Президенттің «әділеттілік идеясы» арқау болғанын атап өткен жөн. Жердің астындағы және үстіндегі қазына-байлық халықтың меншігі деген норманы Конституцияға шегелеп жаздық. Қазір бұл принцип «Ұлттық қор – балаларға» заңы арқылы жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек, жаңадан ашылған ірі кен орындарының 50 пайыздан көбі мемлекетке тиесілі болады. Жер мәселесі де депутаттардың үнемі назарында. Тікелей Президенттің пәрменімен, жұртшылықтың атсалысуымен заңсыз алынған активтерді қайтару туралы заң қабылданды. Соның нәтижесінде екі триллион теңгеге жуық актив елге қайтарылды. Осының бәрі – Президент реформаларының жемісі. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған батыл қадамдар.

Президент реформаларының тағы бір жеңісі – халықты мазалайтын мәселелер көше-

де емес, Парламент қабырғасында талқылана бастады. Біз мазмұнды, конструктивті талқылау мәдениетін қалыптастырып жатырмыз. Тіпті Қаңтар оқиғасы бойынша екі рет арнайы парламенттік тыңдау өткіздік.

Ашық талқылау барысында тергеу амалдарының мәліметтері бүкпесіз жарияланды. Оған Бас прокуратура, құқық қорғау органдары, құқық қорғаушылар және сол күндері ауыр шығынға ұшыраған кәсіпкерлер шақырылды. Елдің көкейіндегі көптеген сауалға жауап берілді. Сондай-ақ Мәжіліс жанынан құрылған Қоғамдық палатаның жұмысын да ерекше атап өтейміз. Қазір Қоғамдық палата үйлестіруші алаңға, негізгі заңнамалық бастамаларды тәуелсіз, кәсіби сараптау орталығына айналды. Осылайша, біз қоғаммен диалогтың жаңа форматына көштік. Бұл да Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстан құру идеясымен толық үндесіп жатыр.

Жүргізіліп жатқан реформалар елімізді халықаралық қатынастар жүйесінде де жаңа деңгейге шығарды. Билікті де тәжірибелі дипломат саналатын Мемлекет басшысының басқаруымен Қазақстан жаһандық саяси процестердің маңызды қатысушысы болып отыр. Еліміз бірден бірнеше беделді халықаралық ұйымда лайықты төрағалық етіп, өзін әлемдік диалог орталығы ретінде көрсетті. Халықаралық сарапшылар Қазақстанды «өңірдегі адал келіссөз жүргізуші» деп атай бастады. Қазақстанның үлкен жетістігі – бұл БҰҰ Бас ассамблеясының Алматы қаласын Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының өңірлік орталығы ретінде бекітуі. Бұл халықаралық аренадағы жауапты әрекетімен және уақыт талабына сындарлы көзқарасымен ерекшеленетін еліміздің орта деңгейдегі рөлін бекемдей түседі. Енді біздің алдымызда өз ұлттық мүдделері бар, жетілген мемлекет ретіндегі миссиямызды, өркениеттік қодымызды, мәдениетіміз бен тарихымыздың маңызын әлемдік қоғамдастыққа жеткізу міндеті тұр. Президент жуырда өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында біздің алдымызға дәл осындай міндет қойды.

Күні кеше ғана біразымыз Ұлттық құрылтайдың жұмысына қатыстық. Бүгінде Ұлттық құрылтай жай ғана форум емес, ықпалды қоғамдық-саяси институтқа айналды. Ол – алуан пікірдің алаңы, ел тағдырына бей-жай қарамайтын азаматтардың бас қосатын ортасы. Құрылтайда Мемлекет басшысы жалпыұлттық іс-қимыл жоспарын айқындады. Бұл – ұлы мұраттарға бастайтын, халыққа сенім мен рух беретін бұлжымас бағдар. Біз мүлде жаңа, сәт сайын құбылып, өзгеріп жатқан тарихи дәуірде өмір сүріп отырмыз. Ал тарихта екінші мүмкіндік деген болмайды. Халық, ұлт ретінде соны түсінуіміз керек. Өткеннен сабақ алып, сараптап, болашаққа сеніммен қадам басу – нағыз жасампаздықтың белгісі. Жарқын болашақ дегеніміз тағдырдың жай ғана сыйы емес. Біздің адал еңбегіміздің, төккен теріміздің өтеуі болатынын жадымыздан шығармайық. Бұл жолда ұлт болып, жұрт болып жұмылып, бірге жұмыс істеуіміз керек деп ойлаймын.

ПОЛИЦИЯ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Астананың Байқоңыр ауданында А.Янушкевич көшесі, 10 мекенжайында №20 учаскелік полиция пунктi ашылды. Әкімдіктің қолдауымен іске қосылған бұл пункт Наурыз мейрамы қарсаңында өз жұмысын бастады.



Салтанатты ашылу рәсіміне Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев пен Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді қатысты.

«Учаскелік инспекторлардың жұмысы тұрғындар үшін барынша қолжетімді әрі ашық болуы тиіс. Жаңа учаскелік пункттердің ашылуы полицияның өтініштерге жедел жауап беруіне, алдын алу шараларын уақытылы жүргізуіне және халықтың сенімін арттыруға мүмкіндік береді» деді Марат Төлебаев.

№20 учаскелік пунктiнiң қызмет аумағына үш балабақша, ондаған тұрғын үй кешені мен жоғары оқу орындары кіреді. Жалпы аумағы 75 шаршы метрді құрайтын жаңа пунктте учаскелік инспекторлар кабинеттері, азаматтарды қабылдау бөлмесі және кезекші қызметкерлерге арналған орындар қарастырылған. Мұнда бес полиция қызметкері жұмыс істейді, олар өздеріне бекітілген аумақта қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, тұрғындардың өтініштеріне жедел әрекет етеді.

Ернұр ҚАЙНАР

НАУРЫЗ – АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Елордада «Наурыз – архив деректерінде» атты фотоқұжаттар көрмесі ашылды.

«Көрме өз-Наурыз мейрамына аралып отыр. Өздеріңізге мәлім, Президенттің тапсырмасымен Наурызды тойлау мүмкіндігі кеңейіп, жаңаша көзқараспен тойлануда. Наурызнама аясында Астана қаласының Мемлекеттік архиві қорымыздағы бай мұрамызды халыққа дәріптеу мақсатында Наурыз ХХ ғасырда қалай тойланғаны туралы құжаттар көрмесін арнайы ұйымдастырып отырмыз» дейді Астана қаласы мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин.

Көрмеде 1927 жылғы 16 наурыздағы Наурыз күнін өткізу жөніндегі Ақмола уездік атқару комитеті комиссиясының хаттамасынан үзінді, 1998 жылы Ақмола қаласында алғаш рет өткен Наурыз мерекесінің бағдарламасы, 1989 жылы 19 наурызда «Коммунизм нұры» газетінде Целиноград қаласының мәдени-ағарту мекемелерінің 1989 жылғы жұмысы туралы есептері жарияланған, Целиноград қалалық мәдениет бөлімінің 1990 жылы Целиноград қаласында Наурызды мерекелеуге орайластырылған қалалық ақындар айтысы өткені туралы ақпа-



рат есебі, Қ.Қуанышбаев атындағы Ақмола облыстық драма театрының әртістері дайындаған Наурызға арналған театрландырылған қойылым өткізгені, Целиноград қалалық халық депутаттары кеңесі атқару ко-

митетінің 1991 жылы «Наурыз-91» жалпықалалық мерекесін дайындау және өткізу туралы фотоқұжаттары көпшілік назарына ұсынылған.

Сәбина КӘКІМЖАН

ТАЗА АУЛА – ТАЗА ҚАЛА

Астананың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы қаладағы көпқабатты үйлердің тұрғындарына үндеу жасап, аулаларын тазалауға шақырды.



Басқарма басшысының орынбасары Еркебұлан Мәлік инспекторлармен бірге қаладағы көпқабатты үйлерді аралап, қызмет көрсететін ұйымдарға аумақтарды, аулаларды және шатырларды қар мен мұздан тазалау, санитарлық тазалау, сондай-ақ базарларды дератизациялау, жалпы аумақтарды дезинфекциялау, өзге де аумақтарды тазарту бойынша түсіндіру жүргізді.

Оның айтуынша, кондоминиум нысандарының тиісті санитарлық жағдайын қамтамасыз ету маңызды. Енді шатырда жатқан қар мен мұзды тазалауға, сондай-ақ қоқыстарды жүйелі түрде шығаруға баса назар аудару керек.

«Ең бастысы, қоқыс пен қар дер кезінде шығарылып, жер мұз болып жатпауы керек. Өйткені бұл үйлерде қарттар мен балалар тұрады. Үйді таза ұстау және дер кезінде дезинфекциялау қажет. Бұл жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі керек» деді басқарма басшысының орынбасары.

АВТОБУСТА ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАНЫСТЫРАДЫ

Бас қаланың қоғамдық көліктерінде жаңа танымдық жоба іске қосылды. Енді жолаушылар автобуста жүріп келе жатып, қазақ тарихында өшпес із қалдырған тұлғалар туралы ақпарат алады.

Бұл бастама ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және тарихи сананы нығайтуға бағытталған. Жобаның

басты мақсаты – қазақ халқының мәдениеті мен тарихына елеулі үлес қосқан қайраткерлер туралы ақпарат-

ты кеңінен тарату. Жолаушылар белгілі бір бағыттағы автобустарға мінгенде, қазақ әдебиеті мен тарихында

ерекше орны бар тұлғалардың өмірі мен еңбектері туралы қысқаша аудио-хабарламалар тыңдай алады.

«Бұл бастама әсіресе жастар үшін маңызды. Өйткені олар тарихи тұлғалар туралы ақпаратты күнделікті өмірде жиі кездестіре бермейді. Автобустағы аудиохабарламалар

олардың білім көкжиегін кеңейтеді» дейді ұйымдастырушылар.

Автобустардағы аудиохабарламалар ұлттық мәдениет пен тарихты дәріптеудің жаңа әрі тиімді құралына айналып отыр. Қазіргі уақытта аудиохабарламалар қаланың 84 бағытында, жалпы 502 автобуста іске қосылған.



Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – көктемнің жаңаруын, табиғаттың жандануын, елдің бірлігі мен татулығын дәріптейтін ерекше мейрам. Бұл күн – өткенге тағзым етіп, болашаққа үміт артатын, ырыс пен берекенің, мейірім мен ізгіліктің бастауы. Халқымыз «Жер көгерсе, ел көгерер» деп бекер айтпаған. Наурыз – тек жаңа жылдың басы ғана емес, бірлік пен келісімнің, береке мен молшылықтың символы.

Елорданың күн санап көркейіп, халықтың әл-ауқаты артып, жасампаз идеялардың жүзеге асуы – ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Осы мерекеде бір-бірімізге ізгі тілек арнап, жақсы ниетпен болашаққа қадам басайық. Наурыздың шапағаты әр шаңыраққа шаттық, әр отбасыға қуаныш әкелсін! Баршаңызға мықты денсаулық, мол бақыт, бақ-береке тілеймін! Күн-деріңіз шуақты, еңбектеріңіз жемісті, өмірлеріңіз берекелі болсын!

Игі тілекпен, Астана қаласы мәслихатының төрағасы
Табағат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН

Құрметті астаналықтар және елорда қонақтары!

Наурыз мейрамы – көктемнің жаңаруы, дәстүрлердің қайта өркендеуі, халықтың бірлігі мен ынтымағын нығайтатын күн, ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы мол тәжірибесі мен өнегелі жолы – бүгінде біз үшін үлкен құндылық. Өткенді қадірлеу, оны есте сақтау, болашаққа дұрыс бағыт-бағдар беру – біздің басты парызымыз. Сіздердің өмірге деген сеніміңіз, еңбекке деген адалдығыз – қоғам үшін үлкен құндылық. Әрбір отбасыға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт және тыныштық тілеймін! Наурыз сіздерге тек қуаныш, шаттық және қуатқа толы жаңа бастамалар әкелсін! Әр үйде береке мен молшылық орнасын! Ұлыс оң болсын!

Ізгі ниетпен,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы
Сансызбай ЕСІЛОВ

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің атынан сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтаймын! Бұл күн – жаңа жылдың, жаңарудың, бірліктің, молшылық пен берекенің символы. Наурыз әр шаңыраққа қуаныш пен шаттық, береке мен бірлік сыйласын. Елордамыздың ажары көркейіп, айбыны асқақтай берсін. Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Құрметпен, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы
Зулфухар ҒАЙЫПОВ



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ КӨМЕКТЕСТІ

Елордадағы Сарыарқа ауданында 5573 әскери бөлімінің қызметшілері зейнеткерлер мен ардагерлердің ауласын қардан тазалау акциясын өткізді.



Наурызнама мерекесін тойлау, жақсылық істеп, үлкендердің батысын алу мақсатында Сарыарқа ауданындағы жеке секторда әскери қызметшілер 10-нан астам зейнеткер мен ардагерге көмек көрсетіп, олардың ауласын тазалады.

«Мереке қарсаңында біз зейнеткерлер мен соғыс кезінде тылда еңбек еткен ардагерлерге қолдау көрсету үшін қар тазалауға қатысудамыз. Бас-

ты мақсатымыз – әрдайым қарттарға қолдау көрсету. Кішкентай көмек те қамқорлықты көрсетудің бір түрі деп сенеміз» деді 5573 әскери бөлімі коменданттық ротасының әскери қызметшісі, Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының қызметкері Алмас Мейраш.

Аудан тұрғындары әскери қызметшілердің қайырымдылығы мен еңбекқорлығына алғыс білдірді.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, кешенді бағдарламаның негізгі 3 бағыты бар. Бұл – қала тұрғындарына қоғамдық көліктің тартымдылығын арттыру, көлік инфрақұрылымын дамыту және тұрақ кеңістігін басқару тәсілін жаңарту.

«Қазір елорда тұрғындарының саны 1,5 миллион адамнан асты. Бүгінде бас қалада 650 мың көлік бар. Оның 420 мыңы елордада тұрақты тіркеуде, 150 мыңы Астанада жүрсе де басқа аймақтарда тіркелген және 80 мыңы – күн сайын қалаға кіріп-шығатын көліктер. Осы күндері Нұра және Есіл аудандарында қатты кептелістер байқалады. Мұндай жағдай қарқынды дамып, өсіп жатқан барлық қалада кездеседі. Біздің негізгі бағытымыз – өзге қалалардың тәжірибесін ескеріп, қоғамдық көлікті дамыту» деді Еркін Өтебаев.

Баяндамашы 2035 жылға қарай елорда тұрғындарының 70 пайызы қоғамдық көлікпен жүретіні болжанғанын атап өтті. Сол үшін қала әкімдігі қалалық мәслихаттың қолдауымен жыл сайын автобус паркін жаңартып отырғанын жеткізді. Мәселен, соңғы екі жылда 700-ден астам автобус сатып алынды. Биыл газбен жүретін жаңа 300 автобус әкелу жоспарланды. Әрине, бұл жағдай қала экологиясына оң әсер етеді. Жалпы жыл сайын 300 жаңа автобустан сатып алуға меже қойылған. Жалпы жылда алынатын автобустар жайлы, кондиционері бар ыңғайлы әрі жылы болуы керек.

КӨЛІК ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Мемлекет басшысының тапсырмасымен өткен жылы елорданың көлік жүйесін 2035 жылға дейін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, бекітілді. Аталмыш құжат жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруды, кептелістерді азайтуды, көліктердің қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендетуді көздейді. Бұл жұмыстарға Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясында қала әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев егжей-тегжейлі тоқталды.



Ұзындығы 18 метрден асатын автобустарды сатып алуды жоспарлап отырмыз. Биыл тамыз айында 26 метрлік бір автобус сатып алмақпыз. Мұндай автобустар Еуропада, Мексикада жүреді. Елордада автобустар жолаушыларға толып жүрмей, жайлы болғаны жөн. Тұрғындардың өзі автобуспен жүруге ықыласты болуы керек.

мыстар басталайын деп жатыр. Бұл үшін биыл 5 көше белгіленді. Келесі жылы жобаға 9 көше қосылмақ. Ал тиісті бағдарлама аяқталғанша тағы 9 көше қосылады.

Қала әкімінің орынбасары шаһарға жолайырықтар мен қосымша жолдар да қажет екенін айта келе, тұрақ кеңістіктерін құрудың маңызына тоқталды. Бұл үшін «Жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы» аталатын арнайы компания құрылғанын жеткізді. Аталмыш компания ақылы тұрақтарға қатысты жұмыс жүргізіп отыр.

«2018 жылдан бері елорданың тұрақ кеңістігін басқарған «Астананың тұрақ кеңістігі» компаниясымен келісімге қол қойдық. Бүгінде мемлекеттік кәсіпорынға өту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Жаз басталғанша бұл жұмысты аяқтауды жоспарлап отырмыз. Біз тұрақ кеңістігін үш аймаққа бөлдік. Бірінші кезекте халық көп тұратын аудандарда тиісті жұмыс жүргізіледі» деді Еркін Өтебаев.

Оның айтуынша, қазір жұмыс уақытын ауыстыру мәселесі қаралып жатыр.

«Қала әкімдігі 2017 жылдан сағат 8:30-дан жұмыс істеп жатыр. Мұндай бастаманы, яғни орталық атқару органдарының жұмыс уақытын ауыстыру мәселесін Үкімет деңгейінде көтереміз. Жарты сағат бола ма, бір сағат бола ма – білім және денсаулық сақтау қызметкерлерімен талқыланады. Бұл көліктер ағынын жоспарлауға мүмкіндік береді» деді қала әкімінің орынбасары.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары осы кезекті сессияға дайындық барысында бірнеше нұсанды аралады. Сондай-ақ тұрақты комиссиялардың отырыстарында бұл мәселе қаралды. Олардың ұсыныстарын мәслихат депутаты Ғабит Тәжімұратов жеткізді.

«Біріншіден, көлік саласында субсидияларды қалыптастыру және есептеу мәселелері бойынша жұмыс тобын құру керек. Екіншіден, халықтың тұрғылықты жерінен жұмыс орнына жүретін ав-



Қазір елорда тұрғындарының саны 1,5 миллион адамнан асты. Бүгінде бас қалада 650 мың көлік бар. Оның 420 мыңы елордада тұрақты тіркеуде, 150 мыңы Астанада жүрсе де басқа аймақтарда тіркелген және 80 мыңы – күн сайын қалаға кіріп-шығатын көліктер

токөлік жолдарының жанынан тұрақтарды бірінші кезекте салу керек. Үшіншіден, көлік инфрақұрылымы нысандары құрылысын қайта жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын болдырмау мақсатында елорданың инженерлік инфрақұрылым нысандарын салу бойынша жауапты мемлекеттік органдармен келісім жасау. Төртіншіден, елорда жолдарының цифрлық картасын әзірлеуді жеделдету. Жаңадан алынған автобустардың техникалық жағдайын әрқашан бақылауда ұстау» деді Ғабит Тәжімұратов.

Қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов газбен жүретін автобустарды көбейтуді ұсынды.

«Себебі газ бағасы жанармайдан төмен. Бюджеттен автопарктерге субсидиялар өсіп жатыр. Егер автобустар газбен жүрсе, субсидиялар көлемін азайтуға болады. Газдың қоршаған ортаға зияны да аздау» деді Бауыржан Смайылов.

Сессияда Астана қаласы мәслихаты құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі тыңдалды. Оны аталмыш комиссия төрағасы Владислав Сергеев жеткізді.

Елордада газ қазандықтары салынып, 3-ЖЭО-ның бірінші кезеңі іске қосылғанын айтқан баяндамашы бұл жұмыстар қалаға қажет қуат көздерін реттегенін атап өтті. Шеткі аймақтар газдандырылғанын, жақында «Шұбар» тұрғын алабына газ келетінін айтты. Қалалық мәслихат депутаттары көлік, автокөлік жолдары мәселелерін шешуге атсалысқанын, депутаттардың қолдауымен жаңа автобустар саны екі есеге көбейгенін жеткізді. Автопарктерді субсидиялау, жолдарды салу мен жөндеу сапасы мәселелеріне тоқталды. Мәслихат депутаттары тұрғын алаптар мәселелеріне ерекше қарайтынын жеткізді. «Қазақстан» спорт кешенін жөндеу және Қажымұқан Мұңайтпасов стадионын жаңадан салу жайында пікірін айтты.



«НАУРЫЗБЕН» ҚАЛАЙ ҚАЙТА ҚАУЫШТЫҚ?

ШЫҒЫСТАНУШЫ–ДИПЛОМАТ
Сайлау Батырша–ұлымен сұхбат



Қазақ халқы Орталық Азия халықтарымен бірге Наурыз мерекесін Жаңа жыл ретінде атап өтіп келді. Кеңес кезеңінде 1920 жылы Түркістан Республикасы Атқару комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұлұлы Наурыз мерекесін тойлау туралы бұйрық шығарған, алайда кейін бұл мейрамды Мәскеу ресми түрде атап өтуге тыйым салды. 1988 жылы халықтың талабымен, қазақ зиялыларының қолдауымен Наурыз мерекесін қайтадан тойлау туралы шешім қабылданды. Оған Еркеғали Рахмадиев, Өзбекәлі Жәнібеков, Мұхтар Шаханов, Ұәлихан Қалижан, тағы да көптеген зиялы қауым өкілдері атсалысты.

– Сөз Наурыз хақында болған соң, алдымен Наурыз мерекесі жайына тоқтала кетсеңіз.

– Наурыз – халқымыз сан мың жылдар бойы тойлап келе жатқан мереке. Кеңес кезінде діни мереке деп шеттетілгенмен, кейінірек көпшілік қауымның талабымен қайта тойлай бастадық. Тарихқа жүгінсек, ежелгі халықтар, негізінен, Жаңа жылды табиғаттың жаңаруымен, яғни жер қысқы ұйқыдан ояңғаннан кейін, көктемнің келуімен байланыстырған.

Көне яхудилердің таным-түсінігінде де жаңа жыл «авив» айы, яғни наурыз айының соңы, сәуірдің басы болатын. Еуропаны басқарып отырған Рим империясында да жаңа жыл басы наурыз айы еді. Алайда Иисус Христос туғанынан бастап жаңа жыл біздің заманымыздың 45-інші жылы Рим императоры Юлий Цезарь жыл басын табиғат ерекшелігін, күн мен түннің теңе-

луін ескермей, оған діни мағына берді. Сөйтіп, христиан дінінің негізін салушы Иисус Христостың туған күніне жақындатып жыл басын 1 қаңтарға апарды. Қақаған қаңтарда не өзгереді? Сол баяғы қыс, қар, күн мен түннің еш айырмасы жоқ. Ал 21 наурызда күн мен түн теңеледі, табиғат жаңарады. Бұл – біздің заманнан бұрын көне Парсы, Орталық Азия ғалымдары зерттеп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеген дүние.

Алайда қазір христиан мемлекеттері Жаңа жылды 1 қаңтардан бастайды. Америка құрлығындағы мемлекеттерде де осылай. 1699 жылы орыс патшасы І Петр Голландиядан үйреніп, Ресейде жыл санаудың басын Иисус туған мезгілге жақындатып, яғни 1 қаңтардан басталсын деген бұйрық шығарды. Одан бұрын орыс, татар, башқұрт, ноғай, авар, қарашай және басқа түркі елдерінде Жаңа жылды Қазақстан, Орталық Азия, Шығыс елдері сияқты табиғаттың жаңарған, қыс маусымының көктемге ауысқан мезгілінде, яғни наурыз айында атап өтетін.

– 2006 жылға дейін Қазақстан Наурызды басқа мемлекеттерден, көрші халықтардан бір күн кейін тойлағанының себебі неде?

– 1991 жылғы 15 наурызда Қазақ КСР Президенті Н.Назарбаевтың наурыз айының 22-сін «Наурыз мейрамы етіп жариялау туралы» Жарлығы шықты. Қателік осыдан басталды.

– Осы қателікті түзету үшін сіз ел Президентіне хат жазып, шығыстанушы әрі араб, парсы тілдерін меңгерген маман ретінде өз ұсынысыңызды айтыпсыз. Енді осыған тоқталсаңыз.

– Наурызды мереке ретінде қайта тойлауға жұрт айрықша белсенділік танытты. Ақыры ұлт рухы жеңіп, мереке ретінде тойланатын болды. Бірақ датасында қателік кетті. Күнін шатастырып алдық. Орталық Азия халықтары, көне Иран ғалымдары күн мен түннің теңелетін уақытын, күнін сағатына, минутына дейін тура астрономиялық дәлдікпен есептеп шығарған. Күн мен түннің теңесуі тура 21 наурызға сәйкес келеді. Бұл туралы қолымда Алматыдағы Астрофизика институтынан алынған анықтама да бар. Сондықтан Орталық Азия, Таяу Шығыс мемлекеттерінің жыл басын 21 наурыз деп белгілегені өте дұрыс. Мәселен, көрші Өзбекстанда, Қырғызстанда 21 наурыз жаңа жыл мерекесі деп жарияланған. Тәжікстанның президенті Э.Рахмон Наурыз мерекесін екі күн деп белгілеген, яғни ол 21-22 наурыз аралығында тойлау туралы пәрмен шығарса, Түрікменстан президентінің 2002 жылғы жарлығына сәйкес, Наурыз 21-інде басталып, мереке 3 күнге созылады. Ал Иранда 21-інен бастап Наурыз мерекесіне бір апта демалыс берілген, мектептегі балалар көктемгі каникулға 15 күнге шығады.

Ал біз осыларды ескермедік. Бұған тікелей сол кездегі Үкіметте отырған адамдар кінәлі. «22 наурыз – көктем мейрамы» деп шыққан Президент Жарлығын газеттен оқығанда мен аң-таң болдым, баспадан қателік кеткен шығар деп ойладым. Ақпарат министріне телефон соғып, осындай қате кетіпті дедім. Бірақ ол ешқандай қателік кеткен жоқ, 22 мартта болады дейді. Болмаған соң, дәлелдің

бәрін жинап, Премьер-министрдің орынбасары М.Жолдасбековке айттым. Ол кісі қателік кеткенін мойындап, менімен келісті, алайда «Президент наурызды мереке ретінде жаңа ғана кіргізді, қазірше қоя тұрайық. Жарияланып кетті, кейін түзетеміз» деді. Содан көп өтпей мен дипломатиялық қызмет бабымен шет елге кетіп қалдым, 10 жылдан кейін елге оралсам, Наурыз тойлайтын уақытта еш өзгеріс болмаған, қайтадан Мәдениет министріне, Үкімет басшысына дейін хат жаздым. Онымнан түк шықпады, бәрі қателікті Мемлекет басшысына айтуға жүрексінді. Ақыры Президент Н.Назарбаевқа хат жазуға тура келді, хатымда бүкіл Орталық Азия, Таяу Шығыс халықтары Наурыз мерекесін Жаңа жыл басы ретінде 21 наурызда тойлайтыны туралы толық мәлімет бердім. Сөйтіп, бұл ұсынысты Нұрсұлтан Әбішұлы қолдап, жыл басы мерекесі 21 наурыздан басталатынын жариялап, оны бір күн емес, үш күн: 21, 22, 23 наурызда тойлау туралы Жарлық шығарды.

– Сіздің бұл еңбегіңіздің игілігін бүтінгі ұрпақ көріп, үш күн демалып жүргені рас. Ата салтымызды сақтау үшін еткен еңбегіңізге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

– Республиканың батыс өлкесіндегі қазақтар 14 наурыз – Көрісу – Амал мерекесін тойлайды. Алайда бұл мереке – халықтың ғұрып-дәстүрі, оны Жаңа жыл – «Наурыз» мейрамы деп жұртты шатастырмау керек, жоғарыда айтқандай, табиғаттың заңы бойынша 21 наурызда ғана күн мен түн теңеледі, Жаңа жыл «Наурызда» туады. Наурыз деген сөздің өзі парсының «ноу» – жаңа, «руз» – күн деген сөзінен шыққан.

Күллі тіршілік қайта түлейтін қастерлі Наурыз мейрамын ғаламшардағы 350 миллионнан астам адам атап өтеді. Ұлыстың ұлы күні адамзаттың құнды мұрасы ретінде 2009 жылдың 30 қыркүйегінде БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енді. Ал 2010 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы «Наурыз» мерекесін халықаралық мереке ретінде жариялады. Жыл сайын Ұлыстың ұлы күнін түркі, парсы халықтарымен қоса, әлем елдері үлкен қуанышпен қарсы алып, тойлайды. Барша отандастарды Наурыз мерекесімен құттықтаймын!



Мекебай КӘКЕНҰЛЫ,
республикалық бата
байқауының жеңімпазы

НАУРЫЗҒА БАТА

Ассалаумағалейкүм, барша халқым,
Қазақтың шығарайын атақ-даңқын.
Армысың, ақ самайлы ата-ана –
Сәлем беру – бұл менің ата салтым.

Әумин десең маған,
Бата берейін саған.
Күрпілдесін сабаң,
Арта берсін бағаң.
Бүкіл дәулетті бабаңның,
Малын берсін саған.

Әуелі Құдайым оңдасын,
Сосын Қыдыр қолдасын.
Тоғыз інген боталап,
Тоғыз келін қомдасын.

Ұлың он шақты болсын,
Қызың моншақты болсын.
Қазаның қаспақты болсын,
Симырың баспақты болсын.

Ерді жарымен сақта,
Биені тайымен сақта,
Жақсыны жұбымен сақта,
Өзіндік құнымен сақта.

Жаманшылық бермесін,
Беделің тасып өрлесін.
Адал болсын алғаның,
Балды болсын бармағың.
Өссін бедел-салмағың,
Аман болсын мал-жаның.
Көбейсін жегжат сүйегің,
Қажымасын жігерің.
Жалғасын тыңда батамның
Ендігі айтар тілегім:
Маң-маң басқан, маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан.
Алғы өркешін қом басқан,
Артқы өркешін шом басқан.
Төрт бұты бар сырықтай,
Мойыны бар құрықтай,
Ойсыл қара иесі –
Түйе толсын қораңа.


Жақында жүрсе қауышқан,
Алыста жүрсе табысқан.
Қамбар ата иесі –
Жылқы толсын қораңа.

Дауысы бар азандай,
Желіні бар қазандай.
Бақайы бар шыртылдақ,
Мүйізі бар жылтылдақ.
Зеңгі баба иесі –
Сияр толсын қораңа.

Құрайласа жабылған,
Пірайласа табылған.
Базарға салса пұл болған,
Қырқып алса жүн болған,
Шопан ата иесі –
Қойлар толсын қораңа.

Таудан тасты құлатқан,
Малшыларды жылатқан,
Терісі бұтқа қап болған,
Мүйізі пышаққа сап болған,
Шекшек ата иесі –
Ешкі толсын қораңа.

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.
Ұрпағыңмен ортаң толсын,
Дәулетіңді тарттысын,
Сәулетіңді тасытсын.
Наурыз тойың келгенде,
Ақ дастарқан жайылып,
Адал ас пен бас тұрсын.
Байсалды туған балаңды,
Байтағына бас қылсын.
Жақсыменен дос қылсын,
Жаманменен қас қылсын.
Иманыңызды рас қылсын,
Бала-шаға көп болсын.
Уайым-қайғы жоқ болсын,
Көйлегі көк, тамағы тоқ болсын.
Менің айтқан бұл батам,
Қазақ еліне дөп келсін!



ҰЛЫС
ОҢ БОЛСЫН!



Дайындаған Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ЖЫЛАН ДА ЖЕТТІ ЖЫЛЫСТАП...

«Жыл басы – Наурыз» деп білетін қазақ халқы үшін Наурыз – жаңа жылдың бастауы, табиғаттың жаңарып, тіршіліктің жандануымен байланысты мейрам. Көне заманнан бері бұл мереке Ұлыстың ұлы күні ретінде аталып келеді. Халқымыздың танымында Наурыз – тек күн мен түннің теңелуі ғана емес, жаңа өмірдің басталуы, үміттің оянуы, жақсылыққа ұмтылудың символы.



Қазақта жыл қайыру он екі жылдан тұрады. Он екі жылды ата-бабамыз бір мүшел деп санаған. Әр мүшел он екі түрлі аң мен жануардың отымен аталған. Ғұлама шипагер Атейбойдақ Тілеуқабылұлы XV ғасырда жазған «Шипагерлік баян» кітабында жыл атауларына өз сипаттамасын беріп: «Сумақы – тышқан. Маңғаз – сиыр. Айбар – барыс. Секем – қоян. Суман – жылан. Тұлпар – жылқы. Иіртек – ұлу. Шопан – қой. Мешін – мешін. Айтақ – ит. Шақырауық – тауық. Қорысқы – доңыз» деп жазып кетіпті.

2025 жылы қазақша жыл санау бойынша «жылан жылы» кіреді. Жылан жылы – ұлу жылынан кейін, жылқы жылынан бұрын келетін мүшел есебінің алтыншы жылы. Жылан жылы елеулі оқиғалар мен

маңызды өзгерістер алып келген кезең ретінде ел жадында сақталған, яғни шығыс халықтарының ұғымында бұл жыл күрделілігімен, жұмбақтығымен және өзгерістерге толы кезеңдерімен танымал. Жыланды даналықтың, сабырлықтың белгісі деп санайтын ұлттар да бар. Қазақта «жылан жылы жылыс» деген сөз бар. Ол да халықтың өткен тарихи тәжірибесінен туған даналық. Бұл сөз жылан жылының құбылмалы, сынақтарға толы, өзгерістер әкелетін жыл болатынын меңзейді. Бірақ бұл әрдайым қиындық дегенді білдірмейді, ол жаңару, ескі жүйенің ыдырауы, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу кезеңі де болуы мүмкін.

Жыланның табиғаттың тепе-теңдігін сақтаудағы рөліне қарап, бұл жыл шаруашылықпен айналысатын, әсіресе, жер емшегін емген адамдар үшін табысты

кезең болуы мүмкін деп топшайлады. Дегенмен қазақ ұлтының тарихында өшпестей із қалдырған кейбір тарихи оқиғалар дәл осы жылан жылымен тұспа-тұс келген. Мәселен, Шыңғыс хан жылан жылы (1221 ж.) Отырарды басып алса, Қазан төңкерісі болған 1917 жыл жылан жылы еді. Гитлердің шапқыншылық соғысы, қазақ даласын аштыққа әкелген коммунистік жүйенің кәмпескесі де жылан жылымен сәйкес келеді.

Халқымыз бұл жылды өз еңбегін адал атқарып, табан ет, маңдай терімен нәпақасын тапқан жандарға береке, табысты жыл болады деп тұспалдайды. Сонымен қатар жылан жылы туған адамдар белгілі ғалым, ғұлама, данышпан болады деп үміттенеді.

Халқымыздың наным-сенек, жөніндегі таным-түсінігіне сенсек, жылан жылы барынша сабырлы



ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛЕРІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Ал іс-шараның қолдаушысы болған Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп басты мақсат қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын заманға сай жаңғырту, жастар арасында насихаттау, отбасы институтының мәртебесін көтеру, іргесін нығайту, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды жастар арасында дәріптеу, жас отбасылардың қоғамдық белсенділігін арттыру екендігін айтып өтіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Аталған жобаның авторы – «Қара шаңырақ» ҚБ төрағасы тарихшы-этнолог Тұрар Сәттарқызы іс-шара барысында отбасы құндылықтарын сақтау және дәріптеу әр қазақ баласының міндеті екенін атап өтті. Сондай-ақ осындай іс-шаралар арқылы оларға қолдау білдіру қашанда маңызды екенін айтты.

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында елордалық жас отбасылар арасында «Қазағымның дәстүрлері-ай» атты ұлттық-этнографиялық сайысы өтті. «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін бұл сайысқа 8 отбасы қатысты.

– Қазақ халқы үшін отбасы – береке мен бірліктің, ұлттық құндылықтардың бастау бұлағы. Жас жұбайлар отау тіккен сәттен бастап, ата-баба дәстүрін сақтап, ұрпақ тәрбиесіне мән беруі – ең маңызды міндеттердің бірі. Бабаларымыздан жеткен салт-дәстүрлер – тек әдет-ғұрып емес, олар отбасы ынтымағы мен ұрпақ сабақтастығын нығайтатын тәрбие құралы. Құдалық, беташар, тұсаукесер, шілдехана сынды дәстүрлердің барлығы отбасы құндылықтарын бекемдеуге бағытталған. Жас отбасының мықты болуы ерлі-зайыптылардың өзара сыйластығына байланысты. Үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету, ене мен келін арасындағы

жарасымды қарым-қатынас – берекелі отбасының айқын белгісі. Сондықтан бүгінгі іс-шараны біз жыл сайын дәстүрлі түрде атап өтіп келеміз. Мақсатымыз – сол үлгілі қазақы отбасының тәрбиесін қоғамға дәріптеу. Биыл еліміз бойынша Наурыз-нама мейрамы кең көлемде аталып өтті. Соның аясында іс-шараларымыздың да сипаты ерекше болды. Бүгінгі қатысып отырған барлық отбасына сәттілік тілеймін, – деді Тұрар Сәттарқызы.

Ең әуелі «Қара шаңырақ» ҚБ төрайымы Тұрар Сәттарқызы өзі қырқынан шығарған, өкіл баласы Алпамыс Таңатұлының тұсаукесер рәсімі жасалды. Одан кейін жарысқа қатысушы отбасылар өздерін таныстырды.

Қатысушылар өзін-өзі таныстыру, «он саусақтан өнер тамған» – отбасы мүшелерінің қолөнері, «өнер, білім бар жұрттар» негізгі шығармашылық кезең деген үш кезең бойынша бақ сынады.

Нәтижесінде бас жүлде – Сәдуақасовтар отбасына бұйырса, I орын – Ұлықпанұлы отбасына, II орын – Ахетовтар отбасына, III орын Зияхановтар отбасына берілді. Бұдан бөлек «Өнерлі отбасы» арнайы номинациясын – Нұғмановтар отбасы, «Дәстүрге берік отбасы» бойынша – Сұлтановтар отбасы, «Өнегелі отбасы» – Шаяхметовтер отбасы және «Көрермен көзайымы» номинациясын Габдушевтер отбасы иеленді.



Бетті дайындаған Шапағат ӘБДІП



ЖІГІТТІҢ СҰЛТАНДАРЫ КҮШ СЫНАСТЫ

Астана қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Жігіт сұлтаны – 2025» қалалық байқауы өтті.

Аталған іс-шараны Астана қаласы Білім басқармасының қолдауымен Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ұйымдастырды. Ең басты мақсат – қазақ халқының ұлттық мәдениетін насихаттау, салт-дәстүрін дәріптеу. Сонымен қатар жастардың дене шынықтыру мәдениетін арттыру және шығармашылық әлеуетін дамыту. Әрі жастарға өздерінің бойындағы спорттық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру.

«Жігіт сұлтаны» байқауы

колледжіміздің бастамасымен 2020 жылдан бастап дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Бүгінгі байқауда қалалық колледждерден 8 студент бақ сынаса, олардың өнерін 250-дей көрермен тамашалады. Жарысқа қазылық етуге қол күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан және Азия чемпионы, күш экстрими бойынша бірнеше дүркін рекорд иесі Тимур Спатаев сияқты танымал спортшы және басқа да актер, журналистер атсалысты, – деп атап өтті Астана қаласы әкімдігінің Сервис және туризм кол-

леджі директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Динара Әбелдинова.

Байқау екі күнге созылды. Алғашқы күнінде қатысушылар гір тасын көтеру, жүзу, садақ ату және асық ату сияқты спорттық сайыстардан күш сынасты. Ал сайыстың екінші күні қатысушылар бір-бірімен өнер таластырды. Ал байқау нәтижесі бойынша I орынды Аңсар Исқақов жеңіп алып, жігіт сұлтаны атанса, II орынды Алдияр Дүйсекеев, III орынды Нұрдіәулет Серікбай жеңіп алды.

МҰЗ ҮСТІНДЕ «ҚЫЗ ҚУУ»

Наурыз тойын атап өту, қазақтың салт-дәстүрін қайта жаңғырту мақсатында «Алау» мұз айдынында Астана қаласының Денешынықтыру және спорт басқармасына қарасты №2 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен мұз үстінде «Қыз қуу» ойыны өтті.

Шын мәнінде наурыз тойына арналған спорттық ойындардың ішіндегі ең тартымды іс-шара осы болды. Ұйымдастырушылар заманауи қыз қууды осылайша халық назарына ұсынып, дәстүр жаңғыртқысы келгенін айтады.

– Бүгінгі шараның ерекше

сәті – мұз үстінде дәстүрлі қазақ ойыны «Қыз қуу» болды. Бұл ойынның дәстүрімізде терең тамыры бар әрі оны заманауи жағдайларға сай етіп, мұз үстінде өткізу арқылы жас ұрпаққа ұлттық мәдениетімізді таныту мақсатын қойдық. Біз үшін бұл шараның маңызы өте

зор, себебі Наурыз мейрамы – жаңарудың, жаңа бастамалардың белгісі. Осы ерекше сәтті жастарға ұсыну арқылы, біз ұлттық спортты жаңғыртып, жастарымыздың денсаулығын нығайтуға атсалысып отырмыз. Сондай-ақ бұрын-соңды конькимен мұз үстінде ұлттық киім киген қыз-жігіттеріміз мұндай ойын көрсеткен емес, – деп атап өтті әдіскер Данияр Қалиев.

Аталған мектептің өзі қысқы спорт түрлерін дамытуға бағытталған. Ал Наурыз-нама аясында ұйымдастырылған іс-шаралар қатарында асық ату, арқан тарту, тоғызқұмалақ қатарлы бірқанша қазақтың спорттық жарыстары көрсетілді. Одан кейін қазақы киіммен қыз-жігіттер жұп-жұп болып мұз айдынына шыққанда елдің назары бірден соларға ауды. Астындағы тұлпарының орнына коньки байлап шыққан қызды, қасқыр ішік жамылып, басына елтірі тымақ киген жігіт қуа жөнелгендегі көріністі көрсеңіз, бейне бір ор қоянды қуған тазы, түлкіні қуған қыран елестейді көзіңізге. Ал олардың адырнадан ытқып шыққан жебедей жылдамдығын көргенде тамсанып, таңдай қақпай тұра алмайсыз. Мәреге жетіп, артына қайырылып, алты таспа қамшымен бозбаланың арқасынан осып өткен қызды көргенде «Бәрекелді» айтып, қазақтың осы бір құндылығының замануи тұрғыда қайта жаңғырғандығына іштей қуанасыз.





ЖҮРЕКТЕРДІ ЖАҚЫНДАТҚАН КҮН

Наурыз – бұл жай ғана мейрам емес, ол – көктемнің, жаңарудың және халықтар бірлігінің символы. Оның түп-тамыры ежелгі Парсы елінен бастау алады, алайда бүгінде ол көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстан мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Дәстүрлік ерекшеліктеріне қарамастан, бұл мейрамның басты мағынасы өзгеріссіз қалады – ол қуаныш, молшылық және жарқын болашаққа деген үміт.

Ирандағы Наурыз – жай ғана мереке емес, ол ғасырлар бойы өз мәнін сақтап, жаңа реңктерге ие болған дәстүр. Көктемгі күн мен түн теңескен сәтте, табиғат оянып, ирандықтар Жаңа жылды – Наурызды қарсы алады. Иранда Наурызды үш мың жылдан астам уақыт бойы атап өтіп келеді. Бұл күн – көктемгі күн мен түннің теңелуімен байланысты, табиғат оянып, онымен бірге адамдардың да жанданып, жаңартатын шағы.

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ЖАҢАРУ

Наурыз алдында ирандықтар үйлерін тазалайды: қажетсіз заттарды шығарып, әр бұрышын жуып-шайып, жаңа жылды таза үйде қарсы алуға тырысады. Бұл дәстүр «Хоне-текани», яғни, «үйді сілкіп алу» деп аталады. Бірақ тек физикалық тазалық емес, рухани тазалық та маңызды: адамдар ескі реніштерін кешіріп, туыстарымен татуласып, жаңа жылға жеңіл жүреппен қадам басады.

ЧАХАРШАНБЕ-СУРИ – ЖАЛЫНҮСТІНДЕГІ БИ

Наурыз қарсаңындағы соңғы сәрсенбіде ирандықтар Чахаршанбе-Сури мерекесін атап өтеді. Бұл – көне заманнан жеткен отқа байланысты ритуал. Кешкі уақытта көшелерде алау жағылып, адамдар оның үстінен секіріп: «Менің бар ауруым – саған, сенің күш-қуатың – маған!» деп айтады. Бұл – өткен жылдың қиындықтарынан арылу, жаңару мен тазарудың белгісі. От барлық сәтсіздіктерді өзімен бірге ала кетіп, жаңа жылға күш-қуат береді деп сенеді.

ХАФТ-СИН: ТЕРЕҢ МАҒЫНАҒА ТОЛЫ ДӘСТҮР

Наурызға дайындалған үйдің ең маңызды бөлігі – Хафт-син дастарханы. Бұл үстелге парсы тілінде «С» әрпінен басталатын жеті түрлі зат қойылады. Олар жай ғана тағам немесе заттар емес, терең мағынаға ие рәміздер: сабзи (көк өскін) – өмірдің жаңаруы, сиб (алма) – сұлулық, сир (сарымсақ) – денсаулық, сірке суы – даналық, сумах – жақсылықтың жеңісі, секке (тиын) – молшылық, ал сенджед (тәтті паста) – махаббаттың белгісі.

Сондай-ақ үстелге Құран, айна, шамдар, боялған жұмыртқалар, алтын балықтар қойылады. Бұлардың барлығы терең символикалық мәнге ие. Жаңа жыл кіретін сәт – Саал-Тахвил кезінде бүкіл отбасы Хафт-син үстелінің жанында жиналып, тілек айтып, дұға оқып, бір-біріне жақсы сөздер арнайды.

СИЗДАХ БЕДАР – ТАБИҒАТҚА ШЫҒУ ЖӘНЕ СӘТСІЗДІКТЕН ҚҰТЫЛУ КҮНІ

Наурыздан кейінгі он үшінші күні ирандықтар табиғатқа шығады, бұл күн – Сиздах Бедар деп аталады. Отбасылар саябақтарға, жасыл алқаптарға жиналып, дастарқан жайып, батпырауық ұшырып, таза ауамен тыныстайды. Сенім бойынша, бұл күні үйде отыру сәтсіздік әкелуі мүмкін.

Ерекше дәстүр – Хафт-син үстелінде тұрған сабзи өскіндерін суға жіберу. Бұл – өткен жылдың қиындықтарымен қоштасудың символы. Сондай-ақ жас қыздар шөптен түйін жас

сап, өз болашақ жарын табуға тілек тілейді.

ХАЛЫҚТАРДЫ БІРІКТІРЕТІН МЕЙРАМ

Екі ел де Наурызды мейірімділік, туыстармен кездесу, бата беру және үміт мерекесі ретінде қадірлейді. Қазақстан мен Иранда адамдар ұлттық киімдерін киіп, үлкендерді зиярат етеді, үйлерін безендіріп, бір-біріне сыйлық береді. Маңыздысы – Қазақстанда да, Иранда да бұл мереке жаңа өмірлік кезеңнің басталуымен, тазару және үйлесіммен байланысты. Наурыз қарсаңында үйлерде тазалық жүргізіліп, ескі заттар шығарылады және баспана көктемнің белгілерімен безендіріледі.

Мерекенің маңызды бөлігі – тағам. Екі елдің дастарқанын біріктіретін ұқсастық – 7 санына ерекше мән берілуі. Иранда «Хафт-син» дәстүрі ғана емес, сонымен қатар сабзи-поло (көкпен әзірленген күріш) мен куку-сабзи (жасыл омлет) сияқты мерекелік тағамдар ерекше мәнге ие. Қазақстанда да жеті тағамнан әзірленетін Наурыз көжеден бөлек, бауырсақ, бесбармақ және қонақжайлылық пен молшылықты бейнелейтін басқа да дәстүрлі тағамдар дайындалады.

Көшелерде мерекелік атмосфера орнап, музыка мен күлкі естіледі, әртүрлі жастағы адамдар қатысатын халықтық серуендер өтеді. Иранда Наурыз «Сиздах Бедар» дәстүрімен аяқталады, бұл өткен жылдың қиыншылықтарымен қоштасуды білдіреді. Қазақстанда халықтық серуендер ұлттық ойындар, театрландырылған қойылымдар мен ақындар айтысымен ерекшеленіп, бірлік

пен қуаныш сезімін тудырады.

Ортақ тамырларына қарамастан, Иран мен Қазақстанда Наурыздың өзіндік ерекшеліктері бар.

Иранда бұл мереке астрономиялық күнтізбемен тығыз байланысты және көктемгі күн мен түннің теңелу сәтінде басталады. Ежелгі парсы дәстүріне сәйкес, «Саал-Тахвил» сәтінде күнтізбелік жаңа жыл кіреді. Барлық отбасы «Хафт-син» дастарқанының басында жиналып, дәл осы мезетте әр адам тілек тілеп, жақсылыққа дұға етеді.

Қазақстанда қайта жаңғыртылған Наурызнама онкүндігінің әр күні белгілі бір тақырыпқа арналып, тек отбасылық шеңберде ғана емес, бүкіл ел көлемінде тойланады. Иранда мереке, негізінен, отбасылық дәстүрлер мен рухани жоралғыларға бағытталған болса, Қазақстанда оны кең ауқымды халықтық серуендер, спорттық жарыстар, айтыстар және концерттер толықтырады.

Тағы бір айырмашылық – отқа қатысты рәсімдер. Иранда Наурыз қарсаңында Чахаршанбе-Сури – от мерекесі аталады. Екі елде де қонақжайлылық пен дастарқан басындағы жоралғылар үлкен маңызға ие. Сондай-ақ мұнда үлкендер жастарға ақ батасын беріп, жарқын болашаққа тілектер айтады.

Наурыз – бізге көктем табиғаты ғана емес, жүректерімізге де келетіні туралы еске салатын мейрам. Арадағы қашықтыққа қарамастан, ол халықтарды мейірімділікке, бірлікке және жаңа бастамаларға ұмтылуға шақырады. Оның басты құдіреті де осында. Сіз оны Иранда «Хафт-син» дастарқанымен немесе Қазақстанда наурыз көжемен қарсы алсаңыз да, оның мағынасы өзгермейді – бұл қуаныш, үміт және бәріміз үшін жаңа мүмкіндіктер мейрамы.

Али Акбар Талеби Матин, Иран Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігінің мәдени істер жөніндегі кеңесшісі

АУҚЫМДЫ СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ

Наурызнаманың онкүндігінің Жаңару күнінде 7 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектінің өкілдері ауқымды сенбілікке шықты, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Шағын және орта бизнес өкілдері, оның ішінде сауда орталықтары, №1 Индустриалды парктің өндірістік нысандары, қонақ үйлер, салондар, дәмханалар, дүкендер және басқа да ұйымдар өз нысандарына іргелес аумақтарды тазартып, абаттандыруға үлес қосты.

Экологиялық науқан аясында көшелер тазартылды, көпірлер, қоршаулар, жаяу жүргіншілер жолы, жол және белгілер жуылды, сондай-ақ нөсер кәріз желілері тазартылып, рұқсат етілмеген үйінділер жойылды. Елордада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге тұрғындар

белсенді үлес қосуда. Қала тұрғындары да аулаларын тазалауға шықты.

Астана әкімдігі елордалық кәсіпкерлер үшін жыл мезгілдері бойынша бөлінген қалада тазалық пен тәртіпті сақтау бойынша ұсыныстары бар чек-парақтар әзірледі. Бұл қалада тазалық пен тәртіпті сақтауға 230 мыңнан астам ШОБ субъектісін тартуға бағытталған.

Кәсіпкерлердің осындай іс-шараларға белсене қатысуы тазалық пен қоршаған ортаны қорғау барлық қала тұрғындарының ортақ міндеті екенін дәлелдейді.



РАМАЗАН АЙЫНЫҢ СЫЙЛЫҒЫ

Наурыз айын тойлау, Рамазан айын ұлықтау мақсатында Астана қаласы Есіл ауданы әкімдігінің ұйытқы болуымен, «Asia Caspian Construction» ЖШС-тің ұйымдастыруымен аз қамтылған отбасылар мен әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға азық-түлік таратылды.

– Наурыз айы – жақсылық жасауға асығатын, ал Рамазан айы айналаңа көмектесу мен қайырымдылық жасап үлгі болатын ай. Екеуі де қазақылығымыздың қаймағын қалпына келтіруге құлшыныс жасайтын кезең деуге болады. Осыған орай біз қайырымдылық акциясын ұйымдастырып отырмыз. Оған «Asia Caspian Construction» ЖШС директоры Бауыржан Еркінов 3 миллион теңге көлемінде қаражат бөлді. Бұл қаражат қиын жағдайдағы отбасыларға көмек көрсетуге бағытталған. Акция екі бағыттан тұрады. Бірінші бөлімде әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға жа-

татын отбасылардан шыққан 150 бала кинотеатрға барып, отандық «Қожа: жаңа саяхат» фильмін көреді. Балаларға тәттілер мен сусындар ұсынылады. Екінші бөлімде 50 отбасына жалпы сомасы 1,5 миллион теңге тұратын азық-түлік себеттері таратылды, – деп атап өтті Есіл ауданы әкімінің кеңесшісі Құралай Слямбекова.

Айта кету керек, «Asia Caspian Construction» ЖШС директоры Бауыржан Еркінұлы жыл сайын осындай қайырымдылық акциясын үзбей қаржыландырып келеді. Былтыр 10 миллион теңге көлемінде қаражат бө-





– Қытайдың Алтай қаласында өнерге жақын отбасында дүниеге келдіңіз. Өскен ортаңыздың сіздің бүгінгідей тұлға болып қалыптасуыңызға ықпалы қандай болды?

– Өке-шешем музыканы, ән салғанды жақсы көретін. Сондықтан отбасымызда 5 бала кішкентайымыздан ән мен биге, қолөнер мен суретке жақын болып өстік. Мектептегі бүкіл іс-шараларды жүргізіп, ән салып, билеуден алдыма жан салмадым. Анам қолы шебер тігінші еді, сахналық ғана емес, күнделікті киімдерімді де сан алуан етіп тігіп, қуыршақтай сәндеп киіндіріп қоятын. Содан сәнқой болып, әдемі киінуді әдетке айналдырып өстім. Сахна деп жүріп сабақ жүргізімді төмендеткен емеспін. Алайда отбасым менің әртіс болғанымды қалаған жоқ. Оның үстіне ол жақта мамандықты өзің таңдай алмайсың, яғни сынақтан алған балл қай мамандыққа түсуге жетеді, соған түсесің. Сонымен мен ауылшаруашылығы техникалары саласына оқуға түстім. Бірақ бұл оқу орнында да бүкіл концерттер мен іс-шаралардың басы-қасында жүрдім. Оны бітіріп, колледжде мұғалім болып орналасқан кезде де белсенді қызметкер ретінде өнеріммен танылдым. Алтай қаласындағы «Ағажай» ансамблінде жүргізуші әрі әнші болдым, телеконцерттерді жүргіздім. Бой жетіп, тағамым өзгерген соң үстіме әдемі костюмдерді анамның көмегімен өзім тігіп алатын болдым. Бір саламен қарап қалмай «Қытай тілі және қазақ тілінде жазба аударма» бойынша екінші, оны болғасын жоғары дәрежелі партия мектебінен «Экономика саясаты» деген үшінші мамандықты оқыдым.

– Өмірлік миссияңыз – тігіншілік жолға қалай келдіңіз?

– Тігіншілік жолды бастауыма 1994 жылы жақын құрбым тұрмысқа шығатын болып, Қазақстаннан алдырған той көйлегін оған қысқартып, жөндеп тігіп беруім себеп болды. Кішкентайымнан шешемнің қасында тігіншіліктің барлық базалық техникасын балалықпен ермек етіп жүріп, үйреніп алған екенмін. Сондай-ақ мектепте суретті өте жақсы салатынмын. Ою-өрнектің түр-түрін қию маған еш қиын емес еді. Ауылшаруашылығы саласында білім алған кезде сызу сабағы да менің суретшілік қабілетімнің дамуына септік етті. Сөйтіп әлгі құрбымның көйлегін әдемілеп өзгерткенім сонша, тойда оған тамсанып, көзі түспеген адам қалмады. Содан «той көйлектер тігіп шығаруға болады екен ғой» деген ой келді. Оқуымды бітіріп, Алтайға ораларда 10 түрлі көйлектің сызбасын салып, материалдарын алып қайттым. Жаз бойы соны тігіп, қазан айында 30-ға жуық әртүрлі көйлекпен «Әз-Сән ұлттық ою-өрнектері» атты алғашқы дүкенімді аштым. Дүкенді қосымша қыз жасауы ретінде жастықтар, көрпе

Атамекеніне «туған халқымның керегіне жарап, бір кетігіне қаланамын» деген ізгі оймен оралған белгілі этнодизайнер Қазипа Мұхаметқалидың есімі ұлттық қолөнер, тігін бизнесі саласында жақсы таныс. Табысқа жету жолында жинаған тәжірибесі мен кәсіпкерлік құпиясы, өмірдегі ұстанымы туралы Еуразиялық дизайнерлер одағының құрметті дизайнері, «Ұлттық бренд» премиясының иегері, «Nazifa» сән үйінің директоры, «Казбренд» мүшесі, nazifa брендінің негізін қалаушысы, «Құрметті де ардақты дизайнер» атағының иегері, «Дәстүр» сыйлығының лауреаты, Үздік этнодизайнер Қазипа Қалиқызының өзінен сұрап білдік.

Қазипа ҚАЛИҚЫЗЫ:

«ЕЛІНДІ СҮЮ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫҢДЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАП, ДӘРІПТЕУМЕН ӨЛШЕНЕДІ»



қаптары, киім мен сандық жапқыштармен толтырдық. Тігетін көмекшілерім – туыстарымыздың қыз-келіншектері болды.

– Атамекенге келуге не әсер етті?

– Пекинде Қазақстаннан келген бір қызбен танысып, соның еліміз туралы әңгімесінен кейін атамекенге қоныс аударуға ниет пайда болды. Құжаттар дайындап, Қазақстанда Әлем тілдері университетінде қандастарға арналған дайындық курсынан өттім. Келе салып, жеке пәтер жалдап, екі қызбен ательемді ашып тастадым. Қытайға барып, жұмысымнан шығып, бір чемоданымды көтеріп, елге 1998 жылы біржолата көшіп келдім. Қаз ҰУ-дың экономика факультетіне магистратураға құжат тапсырдым. Ательемді Алматыдағы «Әсем» бизнес орталығына көшірдім. Бұл бір жағы үйреніп қалған кәсібім болса, екіншіден, атамекенге келгендегі табыс көзім бол-

ды. Өзімді еліме керек сезіндім. Келіп, ателье ашқан соң бірыңғай қазақ тілді әйелдерді жұмысқа алдым. 40-қа жуық адамға жұмыс бердім. Өнер жарым-жарты білімді қажет етпейді, сондықтан «Сымбат-сән» академиясының үшінші курсына тігін технологиясы бойынша оқуға түстім. Бұл менің осымен алтыншы оқуым еді. 1999 жылдары оқуды да оқып, тігін ательемді де дамытып, атамекендегі жұмысым өрге басты.

– Қазақстанда кәсіп жүргізуде қандай қиындықтар кездесті?

– Тігіншілік бүгін тапсырыс беріп, ертең жоқ деп қарап отыратын кәсіп емес, оны істегесін, тігіншілерге үнемі үзілмейтін жұмыс тауып беруің керек. Қашан тапсырыс береді екен деп күтіп отырсаң аш қаласың. Сосын Барахолка базарындағы butikтердің саудагерлеріне пальто тігіп сату туралы ұсыныс айттым. Сөйтіп 14 сауда

нүктесімен келісім орнатып, оларды тауармен қамтамасыз етіп тұрдық. Осылайша, қол астымағы қызметшілерімнің жұмыс орнын сақтап қалдым. Ательедегі келіншектердің күйеулері де жұмыссыз қалмасын деп, серіппелі матрац жасайтын цех аштым. Сол аралықта халықаралық байқауда «Ең сырбаз модель» деген жүлдені жеңіп алдым. «Азия дауысы» фестивалі аясында халықаралық жас модельерлердің байқауында бас жүлде бұйырды. Киімдерімді танымал әншілер киді. Журналистердің көзіне түсіп, жұлдызды сәттерін басталып кетті. Осылай шапқылап жүргенде 2000 жылы жол апатына түсіп, аяғымнан жарақат алдым. Бар қаражатым ем-домға жұмсалды. Талай ауыр оталар жасаттым. Кәсібім тұралап қалды. Бірақ сонда да болса құр жата алмадым, орыс тілін үйреніп, одан әрі дамуға бар күшімді салдым. Аяқталмаған оқуымды үйде отырып өз бетімше жалғастырдым, киімді кесіп-пішу технологиясын қытай теориясымен салыстыра отырып, «Киімді кесіп-пішудің қысқартылған үш өлшем теориясы» деген кітабымды жаздым. Ою-өрнектерді үй бұйымдарымен байланыстырып, сыз бастадым, перделердің түр-түрін жобаладым. Кестелі оюлары бар түзкісиздің заманауи үлгісі ретінде композициялық құрылымы әртүрлі пано картиналар жасадым.

– Түн артынан күн шығатыны сияқты бұл сынақты еңсергеніңіз қазір айқын көрініп тұр. Оң кезде сізге не нәрсе дем берді?

– Қайда барсам да, қайда жүрсем де ұлттық ою-өрнектерімізді дәріптеуге, насихаттауға, заманға сай етіп қайта жаңғыртуға тырысамын. Ою-өрнек біреуге қызық, біреуге таңсық, біреуге шимай болып көрінетін шығар. Ал сол шимай менің өмірімді жаңғыртты. Соның арқасында есімді жинап, ұмытқанымың бәрі санамда қайта жаңғырды. Екі аяғымды тең басып, орнымнан тұрдым, таянған балдағымды қоқысқа тастадым. Сол ою-өрнектің арқасында этно-дизайнер болдым. «Ұлттық үлгідегі үй бұйымдары» атты шығармашылық жобамды қайтадан қолға алып, түрлі ою-өрнектерді зерттеп, үлгілерін жасаумен айналыстым. «Хабар» телеарнасындағы «Ұлттық қазына» теле бағгесінің, «Қазақстан» телеарнасындағы ұлттық «Наурыз» сыйлығының жеңімпазы болдым. Кәсіппен айналысып жүріп тез шешім қабылдауға,

жылдам әрекет етуге үйренесін. 5-6 айдың ішінде біраз қаржы жинап, ұлттық нақыштағы үй бұйымдарын жасауды қолға алдым. Сөйтіп қазіргі Nazifa жоғары сапалы үй бұйымдары брендінің негізі қаланды.

– Астанаға 2010 жылы келіпсіз. Бас қалада бизнесіңіз қалай дамыды?

– 2016 жылы Астанадағы Ұлттық мұражайда Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Ұлы дала мұрасы» атты үлкен көрмем өтті. Оның ішінде 25 жылдыққа орай ою-өрнектері бір-бірін қайталамайтын 25 түрлі пано картина, 25 метрлік қызыл кестелі жол кілемшем қойылды. 2017 жылы ЭКСПО көрмесі аясында Тәуелсіздік сарайында тағы көрмем өтті, оған 17 түрлі оюлы перделер қойылды. Сонымен қатар кестеленген дастарқандар, көрпе жапқыштар, төсек қаптар,



көрпелер, жастықтар қойылды. Одан кейін де Германия, Франция, Дубай, Беларусь сияқты шетелдерде өткен көрмелерге қатыстым. Бірнеше дүкендер ашып қойдым. Алайда карантин кезінде бәрі жабылды. Пандемияда жұмыс тоқтады, бірақ тағы қарап отырмай, онлайн шеберлік сабағын ұйымдастырдым. Үйде отырған қыз-келіншектерге, көпбалалы аналарға, аз қамтылған отбасылардағы әйелдерге арнап «70 сабақ. 70 бұйым. Шеберлікке жетелейтін 70 қадам» деген тегін сабақты әлеуметтік желілер арқылы өткіздім. Бастаманы өзім көтердім, кейін «Отандастар» қорының ұсынысымен және ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен «Қазипа Отандастар» мектебі деп онлайн сабақ бердім. Сонымен қатар Астана қалалық жұмыспен қамту орталығы және «Атамекен» ҰКП қаржыландыруымен жылына бір рет өткізілетін жоспарлы шеберлік мектебім бар.

– Қолыңыздан келмейтіні жоқ, кәсібіңіз де сан түрлі бағытта дамып келеді екен. Қазір қандай жобалар бойынша жұмыс жүргізесіз?

– Қоржыныма 1000-ға жуық ою-өрнек жиналды. Оларды әртүрлі тәсілмен қолданып жүрмін. Көйлек тігуде органза, сетка материалдарды қолдануды алғаш болып енгіздім. Тағы бір үлесім – ұлттық нақыштағы жоғары сапалы үй бұйымдарының кестеленген түрінен толық үлкен топтамасын жасап шығаруым. Бұл – бұрын-соңды болмаған дүние. 100-ден астам үй бұйымдарының топтамасы бар. Бұған қоса қазіргі кезде сол ою-өрнектерді принтуге, матаға таңбалау, бастыру әдісімен әртүрлі бұйымдар жасап жүрмін. Киіммен қоса түрлі композициядағы маталар шығарып жатырмын. 70-тен астам киім үлгілері болса, 50-ден аса мата бұйымдарының дизайндерін шығардым. Олардың түрлері бірін-бірі қайталамайды. Бір өкініштісі, бұл маталарды Түркияда жасатамын. Себебі елімізде бұл жағынан өндіріс дамымаған. Жоғары оқу орындарымен де дизайн кафедрасы студенттерінің тәжірибеден өтетін алаңы ретінде бізге келіп жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп, ынтымақтастық орнаттық. Менің тігіп берген киімдерім арқылы кәсібін жүргізетін бірнеше брендтермен жұмыс істеймін. 30 жыл бойы қазақтың ою-өрнектерін киіммен, бұйымдармен байланыстырып келдім. Оюларды әртүрлі бағытта композиция етіп қолдануды зерттедім, оны маталарға, киімдерге, түрлі бұйымдарға қондырумен айналыстым. Осы менің ұлттық қолөнердегі өзіндік қолтаңбам деп санаймын.

– Болашақ кәсіп ашқысы келетін жандарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Кәсіп бастамас бұрын, сол салада тәжірибеңіз болуы керек. Өз басым, бір істі ұнатсам, бетін сипап қана қоймай, оны ішіне үңіліп, тереңдей зерттеп барып, кірісемін. Қазақстанда жұмыс істеймін, кәсіп ашамын деген адамға мүмкіндік көп. Тек өзін сол саланы терең меңгеріп, қорықпай кіріссең алмайтын асу болмайды. Жалпы білерім, бойымда шығармашылық шабыт шексіз. Біреуі бітсе, екіншісі шығып жатады. Оған қоса бәрін адал еңбекпен, өз бойымнан толық өткізіп барып атқарамын. Қолға алған ісін жүрегіңе жақын болуы қажет. Талант пен жігер де керек. Қазіргі таңда негізгі цехымыз Алматыда. Астанада бірнеше дүкендеріміз, сән орталықтарымыз, фотостудиямыз, басқа да нысандарымыз бар. Барлығы 30 шақты адамды жұмыспен қамтып отырмыз.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА



10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№32-33 (4777) 20/03/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ 24 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Ауылдастар»
6:35 «Інжу-маржан»
7:25 «Қазақ жылқысы». Арнайы жоба
7:55 Шәмші Қалдаяқов әндерінен концерт
10:10 «Қызым». Телехикая
12:10 «ТАТУ-ТӨТТІ». Реалити шоу.
13:20 ТҰСАУКЕСЕРІ «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР: МЕРЕКЕ ЖАЛҒАСАДЫ». Мультфильм.
13:45 «Арыстан». Көркем фильм
15:55 Дисней ұсынады: «Райя мен соңғы айдаһар». Мультфильм
17:25 «Көпес Қосшығұлов». Деректі фильм
18:00 «Қызым». Телехикая
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «Жарқын жүздесу»
21:25 ТҰСАУКЕСЕРІ «ЫСТЫҚ ҰЯ». Телехикая.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
23:15 «БЕУ!» Заманауи музыка жүлдесі.
0:50 АҚПАРАТ
1:25 «Көңіл толқыны»
2:25 «Тату-тәтті». Реалити шоу.
3:50 «Інжу-маржан»
4:30 «Ауылдастар»



5:00 “Дүлдүлдер дүбірі”
6:00 Телехикая. “Паленшеевтер 2”
7:00 Көркем фильм. “Қыз Жібек”
9:30 Телесериал. “Зимородок”
11:30 Мультфильм. “Приключение Паддингтона”
13:00 Художественное фильм. “Война Богов: Бессмертные”
15:00 Көркем фильм. “Көшпенділер”
17:00 “Қызық Times”
18:00 Концерт. “Cover show”
19:30 Казакстанское кино. “Адал алаяқтар”
21:00 Художественное фильм. “Звездный путь”
23:00 Телехикая. “Құстар әні”

ASTANA TV

06:00 «Зу-Зу, Құлпаш» телехикаясы
09:00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10:40 «Королёк-птичка певчая» телесериал
12:30 «Рухты әлем» концерті
14:40 «Аппақ келін 2» телехикаясы
17:00 «Алдараспан»
20:00 «Королёк-птичка певчая» телесериал
21:00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22:20 «Адақсан сезім» телехикаясы
23:40 «Робот әйел» Худ.фильм



6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:05 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «KÖREMİZ-ШОУ» бағдарламасы
9:00 «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ»
9:15 Смотрим на каникулах. «ТРИ БОГАТЫРЯ И ПУП ЗЕМЛИ»
10:55 «МИРТ ОБЫКНОВЕННЫЙ». Многосерийный фильм
13:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖаҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «КАЗАНОВА. В БЕГАХ»
0:30 Ночной кинотеатр. «ПРЕДЛАГАЕМЫЕ ОБСТОЯТЕЛЬСТВА»
1:25 «БАСТЫ ЖаҢАЛЫҚТАР»
1:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:40 «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ» бағдарламасы
2:55 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:05 “КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!” (қайталау)
8:10 “ӘН МЕН ӘНШІ”. “АР МА, ӘЗ НАУРЫЗ!”
10:00 “ВЫШЕ ТОЛЬКО ЛЮБОВЬ”, мелодрама
14:00 “ТАЙНЫ”, мелодрама.
16:10 “ПОСЛЕДНЕЕ ПИСЬМО ЛЮБИМОГО”
20:10 “МЕЖДУ ЛЮБОВЬЮ И НЕНАВИСТЬЮ”, мелодрама.
22:10 “ПОДРАЖАТЕЛЬ”, остросюжетный детектив.
0:20 “МАРУСЯ”, мелодрама
1:05 “ТАЙНЫ”, мелодрама (повтор)
1:55 “ӘН МЕН ӘНШІ”. “АР МА, ӘЗ НАУРЫЗ!” (қайталау)
4:05 “КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!” (қайталау)
5:05 “МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ”, ойын-сауық бағдарламасы



06:00 «Әзіл студия»
07:00 «Time Vine»
07:30 «Kүліп All»
08:00 Мультсериал «Буба»
09:10 «Великий Человек-паук»
09:30 «Алдараспан»
11:40 «Король Артур» (повтор)
14:00 Анимационный фильм «Тайна Коко»
16:00 «Аладдин» (повтор)
18:40 «Астерикс и Обеликс против Цезаря»
20:40 «Хозяин морей: На краю Земли»
23:10 «Обитель зла: Возмездие»
01:00 «tiktok show»
02:50 «Тамаша Live»
03:20 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «TikTok show»
04:40 «Әзіл студия»
05:00 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
05:10 «BALA BATLLE»
05:30 «What’s up?»



6:00 Әнұран
6:02 “Наурызда бастық боламын”
8:00 “Әзіл әлемі” Мерекелік бағдарлама
10:00 «Великопленный век. Хюррем».
11:00 “Бесценное время”. Телесериал
13:00 “ИЗМАЙЛОВСКИЙ ПАРК”
15:40 “Один дома” Художественный фильм (США, 1990 г.)
17:40 «ОДИН ДОМА 2: ПОТЕРЯВШИЙСЯ В НЬЮ-ЙОРКЕ»
20:00 «ВЕЛИКОПЛЕНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 “БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ”. Телесериал
22:40 “ДЖЕНТЛЬМЕНЫ УДАЧИ”
0:20 “МАСКА KAZAKHSTAN” Mega-шоуы
1:50 Жаңалықтар
2:40 Q-елі
3:10 “Келесі кім?” Бағдарлама
3:50 “Жеңіл көр”. Бағдарлама
4:40 “Қуырдақ”

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 «Екі езу» (каз.)
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 «Абекей» (каз.)
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 «КАТАК. ЛЕДНИКОВЫЙ ПОБЕГ»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
15.00 «ОХОТНИКИ ЗА ПРИВИДЕНИЯМИ: ЛЕДЕНЯЩИЙ УЖАС»
17.30 «ПЛОХИЕ ПАРНИ ДО КОНЦА»
19.50 «ПЕРЕВОЗЧИК: НАСЛЕДИЕ» (боевик, Эд Скрейн, Рэй Стивенсон)
21.40 «ВЕНОМ»
23.40 «ЯДОВИТЫЕ ПЕСКИ» (экстремальный триллер, Лорен Ловберг, Тейлор Висе)
01.30 «Қызық Live» (каз.)
02.10 «У- NIGHT SHOW» (каз.)
02.50 Телехикая: «Мезгілсіз сезім» (каз. Турция)
03.40 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

25 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «КИЕЛІ ҚАЗАҚСТАН».
6:25 «ӘЛИ». КӨРКЕМ ФИЛЬМ
8:20 «МЕН ДАЛАНЫҢ ҚЫЗЫМЫН». БАҒДАТ САМИДИНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘН КЕШІ
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ
12:10 «ТАТУ-ТӨТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР: МЕРЕКЕ ЖАЛҒАСАДЫ». МУЛЬТФИЛЬМ.
13:45 «ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!».
14:40 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
15:40 «ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ. ӨТКЕНДІ ТҮГЕНДЕУ». ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
16:15 «НАУРЫЗ - 2025» ҰЛТЫҚ СЫЙЛИҒЫ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «САҒИНЫДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 АҚПАРАТ
0:50 «ТАТУ-ТӨТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
2:15 «КӨПЕС ҚОСШЫҒҰЛОВ».
2:55 «САҒИНЫДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!».
3:50 «АУЫЛДАСТАР».



5:00 “ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ”
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. “ПӨЛЕНШЕЕВТЕР 3”
7:00 КӨРКЕМ ФИЛЬМ. “КӨШПЕНДІЛЕР”
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. “ЗИМОРОДОК”
11:30 “ПРИКЛЮЧЕНИЕ ПАДДИНГТОНА 2”
13:00 “ЗВЕЗДНЫЙ ПУТЬ”
15:00 КӨРКЕМ ФИЛЬМ. “ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ. АЛТЫН ТАҚ”
17:00 “АЛҒАШҚЫ”
18:00 КОНЦЕРТ. “ЖЫРЫМ МЕНІ ЕШҚАШАН ӨЛТІРМЕЙДІ” ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ
19:15 “ӘСЕМ ӘНДЕР”
19:30 “АЙҚАЙ-ШУ”
21:00 ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ФИЛЬМ. “ЛУЛУ И БРИГГС”
23:00 ТЕЛЕХИКАЯ. “ҚҰСТАР ӘНІ”

ASTANA TV

06.00 «Зу-Зу, Құлпаш» телехикаясы
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Королёк-птичка певчая» телесериал
12.00 «Осман 2» телехикаясы
13.00 «Жар-Жар» Худ.фильм
15.00 «Бажа 2» телесериал
15.45 «Аппақ келін 2» телехикаясы
17.00 «Шымкент шоу» Тұсаукесер!
20.00 «Королёк-птичка певчая» телесериал
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адақсан сезім» телехикаясы
23.20 «Осман 2» телехикаясы
00.50 «Танцуй, танцуй» телесериал



6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:05 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «KÖREMİZ-ШОУ» бағдарламасы
9:00 «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ»
9:30 «КОНЫ ЮЛИИ И БОЛЬШИЕ СКАЧКИ»
10:55 Многосерийный фильм «НАША ДОКТОР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖаҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «КАЗАНОВА. В БЕГАХ»
0:30 Ночной кинотеатр. «ПРЕДЛАГАЕМЫЕ ОБСТОЯТЕЛЬСТВА»
1:25 «БАСТЫ ЖаҢАЛЫҚТАР»
1:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:40 «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ» бағдарламасы
2:55 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:05 “АҚСҢҒАР АРМАН”
8:00 “ЖЕНСКИЙ ЗАЩИТНИК”, мелодрама
12:00 “НЕНАВИСТЬЮ”, мелодрама (повтор)
14:00 “ТАЙНЫ”, мелодрама.
16:00 “ПОСЛЕДНЕЕ ПИСЬМО ЛЮБИМОГО”
20:00 “МЕЖДУ ЛЮБОВЬЮ И НЕНАВИСТЬЮ”, мелодрама.
22:00 “ПОДРАЖАТЕЛЬ”
0:05 “МАРУСЯ”, мелодрама
0:50 “ТАЙНЫ”, мелодрама (повтор)
1:45 “МИССИЯ ВЫПОЛНИМА”. Казакстанское кино! (худ.фильм)
3:05 “АҚСҢҒАР АРМАН” (қайталау)
4:55 “МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ”, ойын-сауық бағдарламасы



06:00 «Әзіл студия»
07:00 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
07:30 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
08:00 Мультсериал «Буба»
09:10 «Великий Человек-паук»
09:30 «Kүліп All» ойын-сауық бағдарламасы
10:00 «Тамаша Live» ойын-сауық бағдарламасы
10:20 КИНО. Жанар Айжанова «Аппақ келін» комедиясында (повтор)
12:00 КИНО. Еламан Есентаев в комедии «Родной 2» (повтор)
14:00 «Пираты Карибского моря: На краю света» (повтор)
17:10 «Царство небесное» (повтор)
20:00 «13 раятои: Кирпичные особынки»
21:50 «Спасатели Малибу»
02:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:50 «TikTok show»
03:20 «Time Vine»
03:50 «1001 Әзіл»
04:00 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:00 «Әзіл студия» ойын-сауық бағдарламасы
05:30 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 “Бастық боламын” Телехикая.
7:00 «АНАНДИ». Телехикая
8:00 “СЕЗІМ ҮШІН” Телехикая
9:00 “НАУРЫЗ АЙЫ ТУАҒАНДА...”
10:00 «Великопленный век. Хюррем».
11:00 “Бесценное время”. Телесериал
13:00 “ЮМОР! ЮМОР! ЮМОР!”
14:00 “Один дома 2»
16:20 “Джентльмены удачи”
18:00 «ВЕЛИКОПЛЕНЫЙ ВЕК. СОЗДАНИЕ ЛЕГЕНДЫ».
20:00 «ВЕЛИКОПЛЕНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ». Телесериал
20:50 ПРЕДПОКАЗ! «ВЕЛИКОПЛЕНЫЙ ВЕК. КЕСЕМ» Телесериал. (Турция, 2015 г.)
21:00 “БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ”. Телесериал
22:40 “МОСКОВСКИЙ РОМАН” Телехикая (Россия, 2020 г.)
0:30 “МАСКА KAZAKHSTAN” Mega-шоу
2:50 Q-елі
3:40 “Келесі кім?” Бағдарлама
4:10 “Жеңіл көр”. Бағдарлама
5:00 “Қуырдақ”

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Абекей» (каз.)
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ В КИНО»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
15.00 «БОЛЬШИЕ МАМОЧКИ: СЫН КАК ОТЕЦ»
17.30 «ВЕНОМ» (фантастический боевик, Том Харди, Риз Ахмед, Мишель Уильямс)
19.30 «АЛЬФА»
21.20 «ДВА СТОЛА» (боевик, Дензел Вашингтон, Марк Уолберг)
23.30 «АННИГИЛЯЦИЯ»
01.40 «Қызық Live» (каз.)
02.20 «У- NIGHT SHOW» (каз.)
03.00 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.50 «INSTA TV» (каз.)
04.10 – 05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СӘРСЕНБІ

26 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАՆШОЛРАН».
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ
12:10 «ТАТУ-ТӨТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР: МЕРЕКЕ ЖАЛҒАСАДЫ». МУЛЬТФИЛЬМ.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ».
14:30 «ЕҢБЕК АДАМЫ». АРНАЙЫ ЖОБА
15:00 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:15 «ҚАДІР ТҮНІ». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
1:45 «ҚАДІР ТҮНІ»
3:50 «ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ».
4:10 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ»



5:00 “ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ”
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. “ПӨЛЕНШЕЕВТЕР 3”
7:00 “ОЯН!”
9:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. “ТОМ СОЙЕР”
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. “ЗИМОРОДОК”
11:30 “ТАМАША”
12:00 “ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ”
12:30 KAZAKHSTAN КИНО. “АЙҚАЙ-ШУ”
14:00 ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ФИЛЬМ. “ЛУЛУ И БРИГГС”
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. “ТРИГГЕР”
18:00 НОВОСТИ
18:30 Жаңалықтар
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. “КЕЛІНЖАН 5”
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. “БАХАР”
22:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. “ПЕРЕКРЕСТОК”
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. “ТРИГГЕР”

ASTANA TV

06.00 «ЗУ-ЗУ, ҚҰЛПАШ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
09.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
10.40 «КОРОЛЁК-ПТИЧКА ПЕВЧАЯ»
12.00 «ОСМАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
15.00 «БАЖА 2» ТЕЛЕСЕРИАЛ
15.45 «АППАҚ КЕЛІН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
17.00 «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА»
19.00 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
20.00 «ASTANATIMES»
21.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
22.20 «АДАСҚАН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.20 «ОСМАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
00.50 «СКЛИФОСОВСКИЙ 10»



6:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «KÖREMİZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «СПЕЦНАЗ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖаҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ТЕРРИТОРИЯ»
0:30 «ПРЕДЛАГАЕМЫЕ ОБСТОЯТЕЛЬСТВА»
1:55 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
2:40 «БАСТЫ ЖаҢАЛЫҚТАР»
3:05 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ



7:05 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:00 “ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ”
10:20 “ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ”
12:20 “МЕЖДУ ЛЮБОВЬЮ И НЕНАВИСТЬЮ”
14:30 “ТАЙНЫ”, МЕЛОДРАМА.
17:20 “РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА”
19:30 КЕШКІ ЖаҢАЛЫҚТАР
20:00 “АСТАРЛЫ Ақиқат”, ТОК-ШОУ.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 “МЕЖДУ ЛЮБОВЬЮ И НЕНАВИСТЬЮ”, МЕЛОДРАМА.
23:50 “ПОДРАЖАТЕЛЬ”
1:50 “МАРУСЯ”, МЕЛОДРАМА
2:35 “ТАЙНЫ”, МЕЛОДРАМА
3:20 “ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ”
5:20 “АСТАРЛЫ Ақиқат”



06:00 «Әзіл студия» ойын-сауық бағдарламасы
06:30 «31 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 «TIKTOK SHOW»
07:30 «Kүліп All»
08:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «БУБА»
09:10 «ВЕЛИКИЙ ЧЕЛОВЕК-ПАУК»
09:50 КИНО.
12:20 «АСТЕРИКС И ОБЕЛИКС ПРОТИВ ЦЕЗАРЯ» (ПОВТОР)
14:30 «ТЕЛОХРАНИТЕЛЬ ЖЕНЫ КИЛЛЕРА»
17:00 «ПОВЕЛИТЕЛЬ СТИХИЙ»
19:00 Т/СЕРИАЛ «ОЛЫҒА» 27-28 СЕРИИ
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 КИНО. БРЮС УИЛЛИС В БОЕВИКЕ «СЛЕЗЫ СОЛНЦА»
23:10 «АЙДАНАРЛАР ШАЙҚАСЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ. 14 БӨЛІМ
00:40 «31 ӘЗІЛ»
02:00 «КЕЛІНДЕР БӘЙГЕСІ»
02:40 «TIME VINE» Ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TIKTOK SHOW» Ойын-сауық бағдарламасы
03:20 «WHAT’S UP?» Ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 ӘЗІЛ» Ойын-сауық бағдарламасы
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATLLE»
05:20 «РИЗАМЫН» Ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 “Бастық боламын” Телехикая.
7:00 «АНАНДИ». Телехикая
8:00 “СЕЗІМ ҮШІН” Телехикая
9:00 “Жарқыраған жүлдыз” Бағдарлама
10:00 «Великопленный век. Хюррем».
11:00 “Бесценное время”. Телесериал
13:00 «Великопленный век».
15:00 “Московский роман” Телесериал
17:00 “МАСКА KAZAKHSTAN”
18:00 Жаңалықтар. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

18:20 «ВЕЛИКОПЛЕНЫЙ ВЕК».
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
19:50 «ВЕЛИКОПЛЕНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
20:00 «ВЕЛИКОПЛЕНЫЙ ВЕК. КЕСЕМ».
21:30 “БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ”. Телесериал (Турция, 2010 г.)
22:30 “МОСКОВСКИЙ РОМАН” Телесериал (Россия, 2020 г.)
0:20 СУХБАТ. РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!
1:20 “ДЕМ. СОҒҒЫ ҮМІТ”. Телехикая

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 «Екі езу» (каз.)
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 «Абекей» (каз.)
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 «Қатыгез Ыстамбұл» (каз. Туркия)
17.10 «Екі езу» (каз.)
17.40 «РЕВИО» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ДИТЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЕ»
22.30 «КРЕДО УБИЙЦЫ» (фантастический боевик)
00.50 «Қызық Live» (каз.)
01.30 «У- NIGHT SHOW» (каз.)
02.50 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.40 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

27 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАՆШОЛРАН».
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ
12:10 «ТАТУ-ТӨТТІ».
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР». МУЛЬТФИЛЬМ.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
14:40 «СПОРТ МЕНЕДЖМЕНТИНІ ТҮЙКІЛДЕРІ». АРНАЙЫ ЖОБА
15:00 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:15 АҚПАРАТ
0:50 «АШЫҚ АЛАҢ».
1:40 «САНА»
2:40 «ТАТУ-ТӨТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
4:05 АРНАЙЫ ЖОБА
4:35 «АУЫЛДАСТАР».



:00 “Дүлдүлдер дүбірі”
6:00 Телехикая. “Паленшеевтер 3”
7:00 “Ояні”
9:00 Мультсериал. “Том Сойер”
9:30 Телесериал. “Зимородок”
11:30 “Тамаша”
12:00 “Көзқарас”
12:30 Телехикая. “Жаңбырлы ғұмыр”
14:00 Телехикая. “Бахар”
16:00 Телесериал. “Триггер”
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. “Келінжан 5”
20:00 Телехикая. “Бахар”
22:00 Телесериал. “Перекресток”
23:00 Телесериал. “Триггер”

ASTANA TV

06.00 «Зу-Зу, Құлпаш» телехикаясы
06.50 «Ұлыбка пересмешника»
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Яркоое пламя» телесериал
12.00 «Осман 2» телехикаясы
15.00 «Бажа 2» телесериал
15.45 «Аппақ келін» телехикаясы
17.00 «Улыбка пересмешника»
19.00 «Яркоое пламя» телесериал
20.00 «AstanaTimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адақсан сезім» телехикаясы
23.20 «Осман 2» телехикаясы
00.50 «Склифосовский 10» телесериал

ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ АИТВ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жастар – көптеген әлеуметтік топтар мен субмәдениеттерді қамтитын халықтың ең белсенді бөлігі. Әлемде Халықаралық жастар күні жыл сайын 12 тамызда атап өтіледі.

Жастар ортасы бір жағынан эмоционалды түрде өте мобильді, ал екінші жағынан олар әлі

Наурыз

 **20 НАУРЫЗ**
«Ұлы дала ойындары»
отбасы эстафетасы
«Qazaqstan» спорт кешені

 **21-22 НАУРЫЗ**
 **14:00, 13:00**
Мерекелік концерттік
бағдарламалар
ЭКСПО аумағы

 **21 НАУРЫЗ**
 **17:00**
«Достық сазы» концерті
Ұлттық әскери-патриоттық орталық

 **21-22 НАУРЫЗ**
 **13:00**
Мерекелік концерттік
бағдарламалар
Атамүрік саябағы

 **21 НАУРЫЗ**
 **12:00**
Мерекелік концерттік
бағдарламалар
Жазушылар аллеясы

 **21-22 НАУРЫЗ**
 **13:00**
Мерекелік концерттік
бағдарламалар
«Қазақ елі» монументі

 **21 НАУРЫЗ**
«Қош келдің,
өз-Наурыз»
Достық үйі

 **21-22 НАУРЫЗ**
 **13:00**
Мерекелік концерттік
бағдарламалар
*әл-Фараби атындағы
Оқушылар сарайы*

 **22 НАУРЫЗ**
 **12:00**
Мерекелік концерттік
бағдарламалар
*SANA спорт кешені,
«Күйшілер» аллеясы,
«Достық үйінің» алаңы*

 **22 НАУРЫЗ**
 **13:00**
Мерекелік концерттік
бағдарламалар
«Астана Арена» стадионы

 **22 НАУРЫЗ**
Наурыз мерекесі
«Ғашықтар» саябағы

 **21, 22 НАУРЫЗ**
 **18:00**
Қыз Жібек
AstanaOpera

 **22 НАУРЫЗ**
 **13:00**
Мерекелік концерттік
бағдарламалар
«Бәйтерек» монументі

 **22 НАУРЫЗ**
 **20:00**
Роза Әлқожаның концерті
Филармония залы

 **21-22 НАУРЫЗ**
 **12:00, 16:30**
«Наурыз-думан»
қуыршақ шоуы
Қуыршақ театры

 **22 НАУРЫЗ**
 **18:00**
Қарагөз
Қуанышбаев театры

 **22 НАУРЫЗ**
«Наурыз сыйлығы»
*Бейбітшілік және
келісім сарайы*

 **22 НАУРЫЗ**
 **18:00**
«Абай-Тоғжан»
спектаклі
*Музыкалық жас көрермен
театры*

 **22 НАУРЫЗ**
 **19:00**
«Танакөз»
Мәмбетов театры

 **23 НАУРЫЗ**
 **18:00**
Наурыз-көктем
AstanaOpera

 **23 НАУРЫЗ**
 **19:00**
Күйеу бала
«Жастар» театры

 **25 НАУРЫЗ**
 **11:00**
Ертегі түннің әуені
Қуанышбаев театры



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитетінде
23.05.2018 ж. тіркеліп,
№17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі:
«Elorda Aqparat» ЖШС
**Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК**

**Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР**
**Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және
сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың
мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының
компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 32-33
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

 **Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

 **Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

 **aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редакторлар – Аманғали ҚАЛЖАНОВ